

МЕКТЕП МЕРЕЙІ – ГОРДОСТЬ ШКОЛЫ

№01 (38) 2018

Журнал Қазақстан республикасының мәдениет және ақпарат Министрлігінде 05.10. 2012 ж. тіркелген. (Күелік № 13072-ж)

Құрылтайшы - директоры:

Айнұр ЖҰМАНОВА

Бас редактор

Заря ӘМІРКЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Шәрбану БЕЙСЕНОВА,
(алқа төрайымы), жазушы,
Халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының иегері, ҚР еңбек сіңірген
қайраткері, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.

Әлия БӨПЕЖАНОВА, Қазақстан
Журналистер Академиясының
академигі, ҚР еңбек сіңірген
қайраткер, сыншы.

Қалас ЖАМАЛОВ,
философия ғылымдарының
докторы.

Күлмараш ИСАЕВА, педагогика
ғылымдарының кандидаты,
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды
мемлекеттік университетінің
профессоры.

Нұрбану БІРІБАЕВА, педагогика
ғылымдарының кандидаты, доцент.
Батима ҚАБДОЛДАНОВА,
PR саласы бойынша тәуелсіз сарапшы.
Раиса ҮМБЕТБАЕВА, координатор

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050036, Алматы қаласы,

«Мамыр-3», 11–4.

Ұялы тел: 8707 226 13 62.

Эл.пошта: mektep.mereyi@mail.ru

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

- Журналға ұсынатын мақалаларыңызды
Times New Roman 14 қарпімен теріп,
электрондық поштамызға (mektep.
mereyi@mail.ru) жолдауларыңыз керек.

- Фотосуреттерді мәтіндер арасына
салмай, жеке файл ретінде (JPEG
форматында) жіберіңіздер.

- Авторлық материалдар деректерінің
дұрыстығына редакция жауап бермейді.

Журнал редакцияның компьютерлік
орталығында беттеліп, «Алматы-
Болашақ» АҚ баспаханасында басылды.

БАСЫЛЫМ ИНДЕКСІ 74 652

Армысыздар, ардақты оқырман қауымы!

*Міне, көзді ашып-жұлғаныша МСаңа 2018
жыл да табылғырығымыздан айтпай, төрімізге
шықты.*

*Малай-талай мектеп ұстаздарын дайындап,
үлкен өмірге қанат қақтырған Абай атындағы
Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті
биыл 90 жылдығын тойлағалы отыр. Сондықтан
журналымыздың жаңа жылдық алғашқы саны осы
қасиетті қара шаңырақтың дайындық факультетіне
арналды.*

*Мой тайга ұласа берсін! МСаңа жыл
барлығыңызға бақ, береке, ырыс, ынтымақ сыйласын!
Еліміз – аман, жұртымыз тыныш болмай!*

Ізгі ниетпен, журналдың ақылдастар алқасы



Абай атындағы ҚазҰПУ-дағы ЖАҢА БЕЛЕСТЕР



ТАУБАЕВА Галия Закарьяновна
Абай атындағы ҚазҰПУ,
Дайындық факультетінің деканы
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Коғамымыздың қазіргі даму кезеңінде жоғары білім беру жүйесін жетілдіру ең өзекті мәселе болып табылады. Қазақстан Республикасында білім беру жүйесінің реформаланып, заман талабына сай өзгеруі-занды құбылыс. Өйткені, халыққа білім беру еш уақытта қоғамдағы жағдайдан, мемлекеттің саясатынан тыс қалмаған, қайта жана қоғам құрып, мемлекетті дамытуда білім берудің орны ерекшеленіп, оған жақсы мән беріліп отырған. Соңғы жылдары іске асырылып жатқан білім реформасы түбегейлі өзгертуге бағытталған.

Оның айғағы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтарындағы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында елдің бүгінгі мен болашағы, оның Отанға, елге, ұлттық құндылық-тарға деген сүйіспеншілігін сүйсінте келе. «...Біздің мақсатымыз айқын, бағы-тымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қо-сылу... Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаң-ғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады», – деп атап көрсеткендей, біздің сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға рухани жағынан серпіліс, жаңғыру қажет. Осы арада рухани жаңғырудың ең басты міндеті – ұлттық кодымызды сақтап, әлемдік өзгерістерге сай жаңаша ойлауға көшу керек. Ұлттық кодты сақтау дегеніміз – ұлттық болмысымызды нығайту, оны ұрпақтан-ұрпаққа мұра ету, ертеден келе жатқан қазақтың салт-дәстүрлерін, мәдениетін, рухани құндылық-та-рынан бастау алып,

заман талабына сай байытып, дамытып, тереңдетіп, оны бүгінгі ұрпақтың санасы мен тұрмысына сіңіру арқылы жаңа ғасырдың жаңа ұрпағын қалыптастыру деген сөз. Сонымен қатар, ұлттық болмысымыз бен бірегейлікті сақтай отырып, сананы жаңғырту және білімділікке ұмтылу алтын арқау болып табылады. Бұл – Елбасының айтқан бәсекеге қабілеттілікті маман дайындауда Жоғары оқу орындарына үлкен жауапкершілікті жүктейді.

Қазақстан Республикасының Президентінің аталмыш бағдарламасын басшылыққа ала отырып, 90 жылдық тарихы бар қазақтың қара шаңырығы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде де болашақ мамандарды дайындау ісінде айтарлықтай жұмыстар атқарылып жатыр. Университет ректоры педагогика ғылымдарының докторы, профессор Такир Балықбаев жаңа оқу жылына көптеген міндеттемелер қойып отыр. Айталық, білімалушыларды оқуға тарту, білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілеттілікті арттыруда Абай атындағы Қазақ ҰПУ-і цифрлы университетке көшуге бет бұрды.

Абай атындағы ҚазҰПУ қазіргі даму тенденциялары мен келешек жас ұрпақты білім беру жүйесіне іргелі алға басуына дайын болуға, университеттің құрылымдық бөлімшелерінде байланыс орнатуда бірыңғай ақпараттық жүйені құру, цифрлық кітапханалар мен кампустар, қашықтықтан оқыту және онлайн-оқыту, оқытушыларға ғылыми-әдістемелік көмек көрсету жұмыстарына да ден қоя бастады.

Сонымен қатар, «бір терезе» принципімен білімдік, әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету мақсатында 2017 жылдың 30 қарашасында «Шапағат» студенттерге көмек беру орталығы (ЦОС) ашылды.

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл Фараби: «Ұстаз тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» – деген еді. Осы бір қасиетті мамандық иесінің ұрпақ тәрбиесіндегі алар орны ерекше.

Сондықтан, қазіргі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәліметтер беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, білімді ізгілендіру, инновациялық ақпарат, бәсекеге қабілетті маман дайындау үшін әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық өзгерістерге тез төселгіш, жанаша ойлау жүйесін меңгерген, жан-жақты білімдарлығы, тұтас дүниетанымы мол болуы қажет. Ал жас ұрпақты жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – студенттерге білімді терең игертудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру, шығармашылыққа жетелеу. Бұл жағдайда педагогтың терең біліктілігі мен іздемпаздығы, төзімділігі мен жауапкершілігі



ҰСТАЗДАРМЕН КЕҢЕСУ СӘТІ

зор. Қазіргі заман талабына сай ойшыл, ғылыми-әдістемелік біліммен терең қаруланған, педагогика мен психологияны жетік меңгерген шебер педагогтар аталмыш университетте қызмет артқарады.

Абай атындағы ҚазҰПУ-де 7 институт, 1 факультет және 43 кафедрада 900-ге жуық профессор-оқытушылар құрамы жұмыс істейді.

Университетте 130 мамандықтар, оның ішінде 57 – педагогикалық бағыт: бакалавриат – 51 (23), магистратура – 52 (20), докторантура Ph.D. – 27 (14) бойынша мамандар даярлануда. Бүгінгі күні университетте 7000-ға жуық білімалушылар: бакалавриат – 5 619 студент, магистратура – 1 115, ал Ph.D. докторантурада – 187 докторанттар білім алуда.

Білім беруді интернационализациялау - университетке шетелдік оқытушылар мен студенттерді тарту халықаралық рейтинг компоненттерінің бірі болып табылады.

Университетте 230 шетелдік студенттер, оның 140-ы (86-ы Қытай халық Республикасы, 35-і Корея, қалғандары Ауғанстан, Голландия, Италия, Нигерия т.б.) шетелдік азаматтарға арналған және ЖОО-на дейінгі дайындық факультетінде 5B012200-Орыс тілін оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алуда. Бұл аталмыш шетел азаматтарына ерекше жағдай жасалған. Шетел азаматтары оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілген, заманауи талаптарына сай аудио-видео компьютермен жабдықталған аудиторияларда дәріс алады, олар жылы да жайлы жатақханаларда орналастырылған.

Қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбаевтың мәдени мұрасын тарату және оны жалғастыруда Іле педагогикалық университетінде (КХР), Ханой ұлттық педагогикалық университетінде және Хошимин педагогикалық университетінде (Вьетнам), Эрзинджан университетінде (Турция) халықаралық білімдік, ғылыми-мәдени Орталық жұмыс істейді. Мәдени-білім беру орталығының миссиясы - әртүрлі семинарлар мен тренингтер, дөңгелек үстел арқылы Абай атындағы

ҚазҰПУ-н имиджілік саясатын жүзеге асыру, халықаралық білім беру кеңістігін интеграциялау, ғылыми-білімдік ынтымақтастықты орнату, шетелдерде ұлы ғұламаның мәдени мұрасын тарату, Қазақстанның тарихы мен мәдениетін, тілі мен дінін паш ету.

Алдағы уақытта университет ҚР БЖҒМ қолдауымен «Ғылымды модернизациялау және Орталық Азиядағы білім беру хабасын дамыту» жобасы бойынша шетел азаматтарын тартудағы маркетингтік кампания жұмысын жандандыруды қолға алуда.

2016/2017 оқу жылында ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 тамызында №517 бұйрығымен дайындық бөлімінің 75 тыңдаушысын оқытуға мемлекеттік білім гранты бөлініп, оқу жылының соңында тыңдаушылардың 80 пайызы өздерінің тандаған мамандықтарына мемлекеттік білім грантына иеленіп, оқуға түсті. Ал 2017/2018 оқу жылына ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылдың 28 қыркүйектегі №488 бұйрығына сәйкес 95 тыңдаушысы мемлекеттік білім грантына иеленіп, білім алуда. Тыңдаушылардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуларына барлық жағдай жасалынған. Олар жылы да ыңғайлы жатақханамен қамтамасыз етілген. Оларға саналы білім беріп қана қоймай, тәрбие жұмыстарына да үлкен мән беріледі. Соның дәлелі ретінде, 2017 жылдың 10 қарашада өткізілген «Берекелі, мерекелі Алтын күз» атты тәрбиелік іс-шараның маңызы зор. Бұл тәрбиелік іс-шараның мақсаты - Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген ауыл балаларын ұжымшылдыққа, бауырмалдыққа, кішіпейілдікке, бірін-бірін тыңдап, ақылдаса отырып, шығармашылық пен іздемпаздыққа баулу. «Берекелі мерекелі, Алтын күз!» атты тәрбиелік іс-шараға «Мектеп Мерейі - Гордость Школы» Республикалық танымдық-ақпараттық журналының бас редакторы Заря Жұманова және факультеттің профессор-оқытушылар құрамы қатысты.

Бұл «Берекелі мерекелі Алтын күз!» атты тәрбиелік іс-шара Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттің 90-жылдық мерей тойына қосқан азды-көпті үлесіміз болмақ.



Қазақ тілінде орфоэпияны қалыптастырудың маңызы

ОРАЗБАЕВА Хадиша
Қадірқызы,
Абай атындағы ҚазҰПУ,
аға оқытушысы

Қазақ тілінің дыбыстары сөз ішінде және сөз бен қосымшаның, сөз бен сөздің арасында бір-бірімен үйлесіп, ыңғайласып отырады. Сол себепті қазақ тіліндегі байырғы сөздер не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып келеді. Мысалы: ата, ана, төсек, кереге, сана, қамыс т.б.

Дыбыстардың үндесуі немесе үндестік заңы- қазақ тіліне тән ерекшелік. Сөйтіп, тіліміздегі сөздерді бастан-аяқ біркелкі әуезбен айтуды үндестік заңы немесе сингармонизм дейміз. Ол гректің «sun» - бірге, «harmonia» үндесу, яғни бірге үндесу деген сөзінен шыққан.

Алайда тіліміздегі сөздердің барлығы бірдей бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып келе бермейді, аралас буынды сөздер де кездеседі. Олар: кірме сөздер немесе біріккен сөздер екендігі белгілі. Мыс: кітап, қазір, кино, мұғалім(кірме сөздер), шекара, баспасөз, аман-есен, асты-үсті(біріккен немесе қос сөздер)

Оларға жалғанатын қосымшалар соңғы буынның жуан, жіңішкелігіне байланысты. Соған орай, соңғы буынның жуан не жіңішкелігіне орай қосымшалардың да жуан не жіңішке түрде үйлесіп келуін буын үндестігі дейміз. Мыс: баспасөзде(баспасөзден емес), кітаптың(кітаптың емес), асты- үстімен(асты үстімен емес). Сөйтіп, заңдылық екінші буында да сақталынуда. Тіліміздегі екі үндестіктің (буын, дыбыс) бірі буын үндестігімен қатар дыбыс үндестігінің де маңызы зор.

Түбір мен қосымшаның немесе сөз бен сөздің, біріккен сөздердің арасындағы көршілес дауыссыздардың бір-біріне әсер етіп, өзіне ұқсатуын дыбыс үндестігі дейміз. Оның үш заңы бар:

Ережелер	Мысалдар
Егер сөздердің соңғы дыбысы дауысты немесе үнді р, й, у-ға бітсе, қосымша үндіден басталады	Бала-дар, ұй-лер, дәптер-лер, қой-лар
Егер сөздердің соңғы дыбысы ұяң немесе л, м, н, ң-ға бітсе, қосымша ұяңнан басталады	Мал-дар, сан-дар, аң-дар, қаз-дар
Егер сөздердің соңғы дыбысы қатаң болса, қосымша қатаңнан басталады	кітап-тар, орақ-тар, сағат-тар

Мысалы: балалар (балалар емес), кітаптар (кітапдар емес), аңдар (аңтар емес) т.б. Ал қазақ тіліндегі қосымшалар сөздің соңғы дыбысының сипатына қарай бейімделіп жалғанады. Оны менгеру үшін дыбыс үндестігінің үш заңын білуге тиіс.

Алайда бізде соған орай орфоэпия, сөздерді дұрыс айту басқа тілдердегі сияқты өз дәрежесінде қалыптасқан деп айтуға болмайды. Оның бірнеше себебі бар деп ойлаймын: біріншіден, мектеп қабығасында оған ерекше көңіл бөлмеуімізден; екіншіден мектеп бағдарламасындағы жіберілген кемшіліктер. Шындығында, үш үндестік заңының орнына оның екі түрін ғана көрсетуден не ұтамыз. Осылайша ерекше мән берілуге тиісті ерін үндестігі тасада қалып қойған. Кемшін қалған орфоэпияны өз дәрежесінде дамыту үшін сөз ішіндегі, сөз аралығындағы дыбыстардың өзгерісін жазу мен айтуда ескере білу керек (орфография, орфоэпия).

Орфоэпияны дұрыс менгеру үшін алдымен дыбыстардың қалай өзгеретінін, ол қай жерде, қай дыбыстардың арасында болатынын білудің маңызы зор.

Қазір соларды түсіндіріп беруге тырысайық.

1. Сөздердің жазылуы мен айтылуын менгеру үшін тілдің ерекшелігіне мәнберу керек. Мыс: қазақ тілі- практикалық тіл. Дыбыстарды айтқанда тыңдап үйрену керек. Құлаққа естілген дыбыстық өзгеріс оның айтылуы болып табылады. Жүсіпбек айтылуда Жүсіпкекке айналады. Себебі, дыбыс үндестігінің үшінші заңдылығына сәйкес қатаң тұрған жерде қатаң тұру

керек, яғни б п-ға өзгереді. Ал, і-нің ү- ге айналуы ерін үндестігінің әсерінен. Бірінші буындағы еріндіктің әсерінен екінші буындағы езуліктің айтылуда жартылай еріндікке айналуын ерін үндестігі дейміз. Ықпал түбір мен қосымшаның арасында.

Дауыстыларда бес еріндік дыбыс бар екендігі белгілі. Кейде еріндік дауыссыздар бар ма дегенде тосылып қалатынымыз рас. Өйткені мектеп бағдарламасында дауыссыздардың «жасалу немесе айтылу(артикуляциялық) орнына қарай үшке бөлінетіні» айтылмайды(С.Мырзабеков «Қазақ тілінің дыбыс жүйесі», Алматы, «Сөздік- Словарь», 1999ж, 58 бет). Сонымен дауыссыздар айтылу орнына қарай алдымен үшке бөлінеді:

А) ерін(лабиаль) фонемалары: п, б, в, ф, м, у;

Ә) тіл(лингваль) фонемалары: т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, қ, к, г, х, ң, л, р, й;

Б) көмей(фарингаль) фонемасы: Һ.

Ерін дыбыстар өз ішінен еріндік (п, б, м, у) және ерін- тіс (ф, в) болып екіге бөлінеді. Бізге керегі осы еріндік дыбыстар. Олардың қалай өзгеріске түсетінін көрейік.

Егер сөз н дыбысына аяқталып, сөз немесе қосымша б, п, м дыбыстарының бірінен басталса, н м-ға айналады. Мыс:

Жанпейіс – Жампейіс

Тұрғанбек – Тұрғамбек

Он бес - ом бес

Сәрсенбай – Сәрсембай

Жоғарғы дыбыстардағы өзгеріс п, м, б, дыбыстарының жасалу орнына байланысты. Есімізде болса, олар – еріндік дауыссыздар. Айтылу барысында олар н дыбысын өзіне ұқсатып, м- ге айналдырады. Өйткені, еріндіктер алдынан еріндік дыбыстың келуін талап етеді. Тіл- тіс н дыбысын айтып жүргеннен гөрі екеуін бір жерде айту оңай әрі ыңғайлы. Сөйтіп, қатар келген дыбыстар мынадай өзгерістерге ұшырайды:

нб – мб

нп – мп

нм – мм

Алдында тіл дыбыстары туралы айтқан болатынбыз. Олар өз ішінен тіл алды, тіл ортасы, тіл арты деп үш үлкен топқа бөлінеді. Оны практикалық тұрғыдан айта отырып, көз жеткізуімізге де болады. Бізге қажеті тіл арты дыбыстары: т, ғ, қ, к, ң, х. Осыларды жіктей білу арқылы ғана біз қатар келген нг дыбыстық тіркесінің нг- ге айналу себебін түсіне аламыз. Сонымен егер сөз н дыбысына аяқталып, сөз немесе қосымша к, ғ, қ, ғ- ден басталса, н өзгеріп, ң – ға айналады. Мысалы:

Жанғали – Жанғали сәнқой – сәнқой

Аманкелді – Аманкелді сенгім келеді - сенгім геледі

жанға – жанға жан қайғы – жанқайғы

Неге н ң-ға айналды десек, оның себебі мынада: қ, ғ, г, к тіл арты дыбыстары өзінің алдынан тіл арты ң дыбысының келуін талап етеді. Тіл алды н дыбысына қарағанда тіл арты н- ды біз үшін бір жерде айту оңай. Айтылу барысында н ң-ға айналғанымен, жазылуда өзгеріссіз қалады. Сонда дыбыстық өзгеріс мынадай болып,

Нг – нг Нк – нк Нғ – нғ Нқ – нқ – ға айналады.

Келесі өзгеріс с мен ш дыбыстарының арасында. Сөз қатаң ш дыбысына аяқталып, оған жалғанатын қосымша с – дан басталса, айтылғанда с ш – ға айналады.

қаша – қашша қарасшы – қарашшы

ішсе – ішше жазшы – жашшы

ұшса – ұшша ашса – ашша

Бұндай дыбыстық өзгерістің себебін түсіну үшін дауыссыз ш дыбысының айтылу жолына қарай қос фокусты екенін, яғни тілдің үстіңгі жағы екі жерден тандайға жуықтайтынын білу жеткілікті.

Міне, біз бірнеше дыбыстық өзгерістердің себебін түсіндіріп бердік. Осыларды мектеп бағдарламасына кіргізудің ешқандай қиындығы бола қоймас деп ойлаймыз. Тілімізді дамытып, өркендетеміз десек орфоэпия да қалыптастыра білуіміз керек.



**ДЖУНУСОВА Салтанат
Маметжанқызы**
Абай атындағы ҚазҰПУ

Е л б а с ы м ы з
«Интеллектуалды Ұлт-2020» мемлекеттік бағдарламасында «Бүгінде Қазақстанға инновациялық қызметтің жарылысы қажет, қоғамда мінез құлықтың инновациялық креативтік үлгісі үстемдік құруы тиіс»

- деп көрсеткендей, бұл жоғары технологиясы дамыған бәсекелі әлемде өмір сүруге дайын, сапалы білім алуға ұдайы ұмтылатын интеллектуалды, физикалық және рухани дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру кадрлар жүйесін дамытудың басты бағдарына айналуы тиіс. Сондықтан тұрақты даму үдерісінің үлкен жолына түскен Елімізге заманауи инновациялық ілімдерді игерген креативті мамандар керек.

ұйымдастыру тиімді болады және оқушылардың пәнге, жалпы білім алуға деген қызығушылықтарын оятатына кәміл сенемін.

Қай салада болмасын ондағы жұмыстың нәтижесі сапамен өлшенеді. Сапалы оқыту және өздігінен оқып білім алып алуға баулу негізінде ғана оқушылардан парасатты азамат тәрбиелеп шығаруға болады. Білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімге, оның білім дәрежесі мен іздену шеберлігіне байланысты. Сапаны көтерудегі ең өзекті мәселелердің бірі – мұғалімдерді даярлау және кәсіби шыңдау мәселесі болып отыр. Жаңа заман мұғалімі – «дайын» білім көзі ғана емес, оқушылардың танымдық іс - әрекетінің ұйымдастырушысы және үйлестіруші, білімнің құндылық ретіндегі сипатына терең мән беретін, нәтижеге бағытталған білім беретін жаңа жолдар мен әдістер табуға дағдыланған маман.

Болашақ жастардың білімділігі мен біліктілігін қамтамасыз етудің ең биік шыңы – білім сапасын арттыру. Сапалы білімді қамтамасыз етуде қазіргі қолданылып жатқан әдіс-амалдар өте мол, оқушылардың қызығушылығын арттыруда жаңа технологиялар да артуда, тек әр ұстаз, өз

МҰҒАЛІМНІҢ КРЕАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРА ОТЫРЫП МАТЕМАТИКАДАН БІЛІМ БЕРУДІҢ САПАСЫН АРТТЫРУ

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген міндеттердің бірі - 12 жылдық оқыту моделіне көшуді білім беру мазмұнын жаңыртумен қоса жүзеге асыру.

Бүгінгі білім беру саласындағы проблемалар орта білім жүйесін қазақстандық қоғам дамуының қазіргі заманғы талаптарына және әлемдік білім беру кеңістігіне кіру шарттарына сәйкес жаңыртуды талап етеді. Ендеше 12 жылдық білім – бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны жоғары сатыда бейімді оқытуды көздейтін бірден-бір тиімді жол.

Креативті жас мамандарды тәрбиелеуде сапалы да саналы білім беруде математиканың алатын орны ерекше. Қазіргі заман – математика ғылымының өте кең, жан- жақты тараған кезеңі. Ал талапқа сай математикалық білім берудің басты шарты – математикалық мәдениеттіліктің деңгейін көтеру болып табылады.

Грек тілінде математика сөзі білім, ғылым деген мағына береді және барлық ғылымдардың логикалық негізі ретінде қарастырылады. Сондықтан математиканың болашақ тұлға үшін моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан да тәрбиелік мәні бар.

Оқушылардың логикалық, интеллектуалдық ойлау қабілеттерін шыңдай түсетін, дүниетанымын кеңейтетін бірден-бір мықты құрал – математика. Оқушыларға білімді тиянақты меңгерту, интеллектуалды жастарды тәрбиелеу әрбір пән мұғалімінің міндеті десек қателеспейміз. Ендеше сол ойлау қабілетін шағын комплектті және оқушысы аз сыныптарда қалай жүргізсек деген ой әрбір пәннің сүйетін мұғалімді толғандырады деп ойлаймын.

Әр мұғалім өз іс-тәжірибесіне орай, әдіс- тәсілдеріне қарай түрлі бағытта шаралар, интеллектуалдық ойындар, олимпиада, жарыс түрлерін ұйымдастыра отырып, оқытудың жаңа әдістерін қолданулары керек. Сонымен бірге, қазіргі техниканың дамыған заманында мұндай шаралар

оқушыларына ыңғайлысын қолдана білсе болғаны. Яғни, мұғалім өзінің креативтік құзыреттілігін қалыптастыра білуі тиіс.

М. Әуезов: «Қай істің болсын өңдеуінде үш түрлі шарт бар. Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек», – депті. Мысалы Э.Фром шығармашылықты талдауды оның өнімі тұрғысынан емес, сол әрекеттің адам үшін қаншалықты маңызы бар екендігі тұрғысынан қарауды ұсынады. «Кенеттен пайда болған шығармашылық әрекетте адам өзінің ролін жүзеге асырады, өзінің заттар мен адамдар әлеміндегі байланысын сезініп, іштей тұтастығын көрсетеді» – деген. Бұл тұжырым креативтілік адамның тұтастығын қамтамасыз етіп, өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ашылмаған қасиеті деп білемін.

Жаңа тұрпатты мұғалімнің креативтік құзіреттілігін қалыптастыруда мұғалімнің инновациялық өзін-өзі дамытуы шығармашылық іс-әрекет құрылымының мазмұнына қатысты анықталады.

Қазіргі базалық білім беру – жеткілікті білімнің төменгі шегі. Оқушы берілген материалдың ішкі дүниесін түсінеді ме, берілген есепке логикалық талдау жасай ала ма, ол туралы әрі қарай өздігінен іздене ме, өз тарапынан жаңа пікір қоса ала ма, өмірде іске асыра ала ма, міне, негізгі мәселе осында жатыр. Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақтан ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Барлық мүмкіндіктерді пайдаланып, оқытудың жаңа әдістерін тиімді қолдану, жаңа технологияны қазіргі заманға бейімдеу, оқытуды жетілдіре түсу, жастарға білім берумен қатар, олардың рухани дамуына дәстүр үрдісінде адамгершілікке баулу, әр оқушының біздің ертеңіміз, болашағымыз екенін терең ескере отырып және тұлға ретінде қалыптастыру, олардың білім деңгейін мемлекеттік және халықаралық стандартқа жетулеріне күш салу – біздің міндетіміз деп есептеймін.



БЕГАЛИЕВА Сауле
КазНПУ имени Абая,
доктор филологических наук, профессор

Проблемы педагогических технологий, огромный опыт педагогических инноваций, авторских школ и учителей-новаторов постоянно требуют обобщения и систематизации. Разнообразие подходов к определению понятия "педагогическая технология", многочисленность их разновидностей, концептуальных основ и характеристик вызывают необходимость сосредоточить внимание на анализе сущности этого феномена, как в теоретическом, так и в практическом плане.

Остановимся, прежде всего, на понятии "педагогическая технология", предпосылках возникновения термина.

Впервые термин "педагогическая технология" упомянут в 20-е годы прошлого столетия в работах по педагогике, рефлексологии (И.П. Павлов, В.М. Бехтерев, А.А. Ухтомский). В это же время распространилось и другое понятие — на четкую и эффективную организацию процесса обучения — "педагогическая техника", которая в Педагогической энциклопедии 30-х годов определялась как совокупность приемов и средств, направленных на четкую и эффективную организацию процесса обучения. К педагогическим технологиям было отнесено также умение оперировать учебным и лабораторным оборудованием, использовать наглядные пособия. В воспитательной работе широко известна педагогическая техника, применяемая А.С. Макаренко.

В середине 50-60-х годов, когда началось внедрение технических средств обучения, появился термин "технология образования", который в последующие годы под влиянием работ по применению различных средств ТСО, модифицировался в "педагогические технологии".

В эти же годы содержание этого понятия широко обсуждалось в педагогической печати и на международных конференциях (США, Англия, Япония, Франция, Италия, Венгрия), где выкристаллизовалось два направления его толкования. Сторонники первого утверждали необходимость применения технических средств и средств программированного обучения. Представители второго направления главное видели в том, чтобы повышать эффективность организации учебного процесса и для этого предлагали, эти средства называть "технологиями обучения".

К 70-80 годам, вследствие развития техники и начавшейся за рубежом компьютеризации обучения, понятие "технология обучения" все чаще стала осознаваться как система средств и методов организации и управления учебно-воспитательным процессом.

Следует отметить, что в истории

О ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЯХ

педагогической науки неоднократно ставился вопрос о необходимости и возможности применения педагогических технологий. Некоторые полагали, что ребенок, ученик — "живой организм" и прикасаться к нему с помощью каких-то технологий абсурдно. В защиту позитивного подхода к применению педагогических технологий можно привести высказывание Я.А. Коменского. "Можно и нужно каждого учителя научить пользоваться педагогическим инструментарием, только при этом условии его работа будет высокорезультативной. Школа — мастерская, она "живая типография", которая печатает людей. Учитель в учебном процессе пользуется такими же средствами воспитания, образования людей, какими пользуются типографские работники, создавая книгу" [1, с. 189]. В настоящее время нет никаких сомнений в том, что необходимо использовать педагогические технологии, информационные, компьютерные технологии. Многие ученые и педагоги видят в применении педагогических технологий явные преимущества. К их числу можно отнести:

- основой технологии служит четкое определение конечной цели. В традиционной методике обучения цель определяется неточно, "на глазок". В педагогической технологии цель рассматривается как центральный компонент, что позволяет определить степень ее достижения более точно;

- технология, в которой цель (конечная и промежуточная) определена очень точно (диагностика), позволяет разрабатывать объективные методы контроля;

- технология позволяет свести к минимуму ситуации, когда учитель поставлен перед выбором и вынужден переходить к педагогическим экспериментам в поиске приемлемого варианта;

- в отличие от ранее использованных поурочных разработок, ориентированных на учителя и виды его деятельности, технология предлагает проект учебного процесса, определяющий структуру и содержание учебно-познавательной деятельности учащихся, что ведет к более высокой стабильности практически любого числа учащихся [2, с. 7].

Очевидно, могут быть выявлены и другие преимущества педагогических технологий как для воспитания учащихся, так и совершенствования профессионализма учителя.

Исследователи, занимающиеся современными педагогическими технологиями, останавливаются на понятии этого феномена (Г.К. Селевко, Н.Д. Хмель, Г.Т. Хайруллин, А.Е. Бериханова, С.К. Исламулова, Е.Н. Гусарова, Г.М. Кусайнов и др.). И так как в научно-педагогической литературе имеются различные точки зрения на сущностную характеристику этого понятия, то в нашей статье, мы также предпринимаем анализ данного понятия, и пытаемся высказать свой взгляд на эту дефиницию.

Остановимся вкратце на этимологии понятия "технология", которое вошло и прочно утвердилось не только в

производственной сфере, но и в педагогической теории и практике.

Слово "технология" в переводе с греческого языка (techne — искусство, мастерство + logos — учение) означает:

- а) совокупность методов обработки, изготовления, изменения состояния, свойств, форм сырья, материала или полуфабриката в процессе производства, например, технология металлов, химическая технология, технология строительных работ;

- б) наука о способах воздействия на сырье, материалы или полуфабрикаты соответствующими орудиями производства [3, с. 30].

Понятие "технология" — одно из фундаментальных научных понятий. В Словаре русского языка это понятие характеризуется следующим образом: "Технология — совокупность производственных процессов в определенной отрасли производства, а также научное описание способов производства" [4, с. 650].

Все разработанные и используемые технологии разделяются на два вида: промышленные и социальные.

К промышленным относятся технологии переработки природного сырья (нефти, руды, древесины и т.д.) или полученных из него полуфабрикатов (готовых металлов, проката, отдельных деталей и узлов любых изделий и т.п.).

Социальной называют технологию, в которой исходным и конечным результатом выступает человек, а основным параметром измерения — одно или несколько его свойств. Социальные технологии принципиально отличаются от технологий, используемых в производстве. Основное отличие заключается в том, что промышленная технология представляет собой строго определенный набор и последовательность точно подобранных технологических процессов и операций. Замена одного процесса другим, а также изменение последовательности влечет за собой снижение результативности.

Социальные технологии более гибкие, не так жестко детерминированные. "... Человек — многофакторная система, на него оказывают влияние огромное количество внешних воздействий, сила и направленность которых различна, а порой и противоположна, поэтому заранее предсказать эффект того или иного влияния часто невозможно. Поэтому социальную технологию нельзя назвать строго определенным набором точно подобранных процессов" [2, с. 8].

Ведущими характеристиками социальной технологии являются обратная связь, гибкость.

Педагогические технологии относятся к социальным, так как реализуются в системе "человек — человек". Следовательно, педагогические технологии должны учитывать уникальность каждой личности, каждой ситуации, в которой она участвует.

В настоящее время, хотя и имеется ряд научно-методических трудов по проблемам педагогических технологий, тем не менее, однообразие в определении данного понятия не имеется.



МИНАЕВА Назгуль
КазНПУ имени Абая
кандидат филологических
наук, доцент

В связи с развитием мировых интеграционных процессов концепция многоязычия становится все более важной и актуальной и стремление нашего государства обучить подрастающее поколение трем языкам является своевременной перспективной программой. Мы отмечаем стремление жителей планеты овладеть одним или несколькими иностранными языками, в том числе русским языком как иностранным, чтобы использовать их для общения, взаимного понимания и карьерного роста.

В настоящее время в Казахском национальном педагогическом университете им.Абая работа со студентами-иностранцами является важнейшим аспектом деятельности. Начинается обучение на факультете для иностранных граждан и довузовской подготовки (Foundation).

На этапе предвузовской подготовки студенты, изучая русский язык как иностранный, учатся воспринимать, принимать, обрабатывать и сообщать информацию, а также

блок специальных коммуникативных заданий и упражнений, лексико-грамматический комментарий, контрольные вопросы, требующие аргументированных ответов, тесты, диалоги, упражнения лексико-грамматического характера, тематика устных сообщений и др. Кроме того, практикуются такие методические приемы, как лексико-грамматическая работа, вопросы по содержанию текста, конструктор-хорошая память-ваша фраза, рисунок-вопросы-ваше мнение, передача общего содержания текста в полной и краткой форме, пересказ с использованием опорных слов, формирование выводов на основе прочитанного, перевод отдельных абзацев с русского на родной язык студентов-иностранцев и др. При этом обращается внимание на модели построения предложений, их особенности, поскольку, как показывает опыт, иностранным студентам легче удерживать в памяти лексические значения слов, чем правильно осуществлять их грамматическое оформление. В связи с этим ведется работа по предупреждению ошибок с целью выработать у обучающихся внимание к грамматической стороне слова путем тренировочных упражнений на конструирование предложений по предварительно данным грамматическим формам предшествующих слов, что дает возможность пронаблюдать, как влияет оформление первого слова предложения на его конструирование в целом и понять, что умение применять на практике усвоенный языковой материал тесно связано с пониманием закономерностей русского языка, его правил, получением определенной суммы

РАЗВИТИЕ РЕЧЕВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ИНОСТРАННЫХ СТУДЕНТОВ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

воздействовать на участников общения. На первую роль выдвигается речевая деятельность, которая мыслится как система продуктивных (говорение, письмо) и рецептивных (аудирование и говорение) видов речи. В зависимости от формы общения, речевая деятельность подразделяется на устную (говорение и слушание) и письменную (чтение и письмо). Различают диалогическую и монологическую речь.

Речевая деятельность на родном и иностранном языках осуществляется одними и теми же механизмами. Однако их эффективность на иностранном языке ниже, чем на родном. Чтобы речевые механизмы приспособились на должном уровне обеспечивать речевую деятельность средствами иностранного языка «обусловлена тем, насколько в нем учтены возможности задания, тексты и упражнения».

В практическом курсе аудирование помимо основной коммуникативной роли выступает как средство формирования умений и навыков во всех видах речевой деятельности, помогает поддерживать достигнутый уровень владения речью.

Говорение — продуктивный вид речевой деятельности, имеет несколько уровней:

- начальный — ответы на вопросы при наличии или отсутствии опор, но при участии преподавателя;
- с опорой на текст или наглядный материал;
- самостоятельный (отсутствие опор и использование в речи сложных предметно-смысловых конструкций).

Чтение — рецептивный вид деятельности, направленный на извлечение информации из текста. Ценность учебного текста «обусловлена тем, насколько в нем учтены возможности пользователя, так что следует принимать во внимание соотношение длины текста и количества вводимой в него информации, взаимодействие рационального, прагматического и эмоционального, проективного способов раскрытия содержания, а также приемы, акцентирующие важные информационные отрезки и способствующие их запоминанию» [4., С.111].

К каждому предлагаемому для изучения тексту прилагается

знаний, на основе которых формируются и совершенствуются коммуникативные умения и навыки.

В процессе работы над текстом языковые, речевые, воспитательные и задачи решаются «естественным путем». Учащиеся узнают и запоминают новые слова и выражения, а также новые значения уже знакомых слов и возможности их употребления, а также интенсивная практика во всех видах речевой деятельности: говорении, аудировании, письме. Особое внимание уделяется содержанию высказывания, а также умению правильно конструировать предложения, точно и понятно выражать собственные мысли, понимать спонтанную речь других и «улавливать» смысл их высказываний. Восприятие текста, сопровождается яркими эмоциональными переживаниями иностранными студентами. Положительные эмоции преподавателя, интерес к тексту невольно передается обучающимся и помогает не только приобрести лингвистические, но и научиться излагать собственные мысли и чувства, пробудившиеся под влиянием прочитанного текста.

Принципы отбора текстового материала определяются целями, которые мы хотим достичь, и результатом, который мы ожидаем. Понимая, что чтение текстов сопряжено для обучающихся со многими трудностями, а наша задача сделать его привлекательным, мы предлагаем тексты, которые вызывают желание прочитать, понять и обсудить прочитанное. Например, ознакомившись с содержанием рассказа Андрея — папы Макса, студенты-иностранцы обращают внимание на понятие «счастливый человек». Это Андрей, у которого прекрасная семья, любимая жена, умный сын, симпатичная дочь, хороший старый друг, маленькая собака Доня. Интересная и важная работа. Удобная квартира и маленькая машина. У него есть он сам. Андрей убежден, что он счастливый человек. Вы согласны?

Обсуждение текста позволяет выявить культурные нормы и ценности студентов из разных стран. Они считают, что человек рожден для счастья. Любовь. Семья. Самореализация. Качество жизни. Все это — общечеловеческие ценности.

Далее, предлагается другой текст:

Я очень люблю один старый дом. Говорят, что раньше это был самый прекрасный дом в нашем городе. Вокруг дома ходит много бродяг. Один бродяга подошел ко мне и объяснил, почему этот дом пустой. Хозяин дома жив, но он без ног. Много лет назад он потерял все: и деньги, и семью, и ноги. Осталась только жизнь. Он часто говорит: «Вся моя жизнь — это большая ошибка», а не красивая сказка. Сейчас я хочу умереть, но не могу, потому, что я боюсь».

Счастливым человек. Разве это не тема для обсуждения в наше время?

Работа над текстами никого не оставляет равнодушным, к ней активно подключаются все студенты. Это дает возможность не только ознакомить обучающихся с их содержанием и языковыми особенностями, но и выявить уровень восприятия текста, провести словарную работу, лексико-семантический анализ, выполнить текстовые задания и упражнения, направленные на развитие и активизацию коммуникативных умений и навыков, получить аргументированные ответы на поставленные вопросы, услышать собственное мнение обучающихся по поводу прочитанного, обобщить полученную информацию, помочь понять, что каждый должен для себя рано или поздно ответить на вопрос: «ЗАЧЕМ?». Узнать, что смысл жизни заключается именно в понимании своей жизненной цели и пути ее реализации. Когда в поступках и действиях человека отсутствует смысл, это автоматически сказывается на качестве самой его жизни. Жизнь без смысла означает, что человек лишен глубокой внутренней мотивации, внутреннего стержня и мощного «мотора», которые позволили бы ему взять собственную судьбу в свои руки. В результате он становится слабым, теряет опору. Человек должен дать жизни свой определенный смысл. Будь это деньги, власть, слава, дети или любовь. Главное его обрести и не терять. После ответа на вопрос «ЗАЧЕМ», уже, действительно, не так важно «КАК», ибо смысл жизни найден.

В завершении практического занятия студенты заполняют анкету: «Вы счастливый человек. Почему?». Далее,

разделившись на малые группы, обучающиеся выполняют из пяти нерифмованных строк творческие работы (синквейн) на темы: «Семья», «Дом».

В результате проведенной работы студенты из Китая, Филиппин, Гонконга, Японии, Ирана, Ливана и др., воплощающие разные иностранные языки, культурные нормы, религиозные концепции, учатся понимать людей, друг друга, откликаться на злободневные проблемы, всматриваться в детали окружающей действительности, анализировать их и активно использовать для развития и совершенствования речевой компетенции.

Создавать условия для проявления активной позиции студента, стимулировать его самого занять эту позицию — важная задача каждого преподавателя. Субъектность выражения позиции студента проявляется в форме конструктивных предложений, требующих речевого выражения, возможности совершать полную самостоятельность в речевых выражениях. Тесная связь и зависимость характера речевого общения преподавателя и студентов дает возможность синхронному протеканию деятельности и вместе с тем дополнению и обогащению деятельности друг друга, без утраты своеобразия решений каждого. Преподаватель опирается на речевую активность студентов и их самостоятельность, всецело полагается на их творческие возможности, его работа осуществляется только при их участии, понимании и принятии сути его идей. Результат выражает не только речевую деятельность студентов на русском языке, но и результат их совместной деятельности. Такое соотношение наиболее эффективно для реализации речевых задач и организации высокого уровня речевого общения в учении.

Таким образом, рассматриваемые выше проблемы речевой деятельности не оставляют сомнений в ее фундаментальном значении в учебном процессе, в ее сложности, поскольку она представляет собой не только самостоятельную деятельность, и связана с любым видом деятельности, что повышает ее значимость.

Таким образом, рассматриваемые выше проблемы речевой деятельности не оставляют сомнений в ее фундаментальном значении в учебном процессе, в ее сложности, поскольку она представляет собой не только самостоятельную деятельность, и связана с любым видом деятельности, что повышает ее значимость.

ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ



**ЖУРГИМБАЕВА Ляззат
Муратовна**
Абай атындағы ҚазҰПУ,
магистр, оқытушы

Бүгінгі жаһандық қауіп-қатерлерге жауап беруде және нақты мекемеден бастап мемлекеттік деңгейге дейін инновациялық үдерістерді басқаруды жетілдіруде маманның жоғары білікті әрі қабілетті болуы талап етіледі. Сондықтан оқытудағы инновация өмір сүріп отырған білім беру мәдениетін

сапалы түрде өзгертіп, тек таным ғана емес, әрекет ете алатын адам тұлғасын қалыптастыру мақсатын көздейді. Қазіргі рухани-

мәдени жағдайда білім абсолютті, өзіндік жетістік құндылығы болудан көрі оның тәжірибелік тиімділігі құндылық дәрежесіне көтерілуде. Үстіміздегі дәуір адам мен қоғам арасындағы өзара ықпалдастық мәселесі, адамның құндылықтық бағдар мәселесінің заманы. Демек, инновациялық білім — тек білімді беруге немесе оны игеруге ғана бағытталған процесс емес, ең бастысы мамандық компетенциясын игеретін білім. Ол ел экономикасын жандандыруға өз үлесін қосатын білікті маманды дайындау стратегиясын білдірмек. Бұл адам-атқарушыны емес, жігерлі, өз бетімен шешім қабылдай алатын, ерекше жеке даралықпен көріне алатын адам - шығармашылды дайындау деген сөз. Міне, осы тұста сондай мамандарды дайындау міндеті республикамыздың жоғары оқу орындарына жүктеледі. Жоғары оқу орындарындағы айтылған модельдегі мамандарды дайындау үшін білім беру процесіне инновациялық амалдарды қолдану міндеті қойылады. Кез-келген инновацияның басты ұстанымы — ол әрекеттің жаңа түріне үйрету, дамудың жаңа деңгейіне көтерілу, ал ол білім



берудің сапасымен анықталады. Осының өзі қоғамның біліктілік әлеуетін шыңдау қажеттілігін тұғызды.

Шетел тілі мұғалімін кәсіби даярлау жүйесінде мәдениетаралық құзіреттілік оқыту амалы мәдениетаралық қарым-қатынас субъектісін әзірлеуде негізгі рөз атқарады, себебі ол оқытудың бағытталуын, яғни соңғы нәтиже – нақтырақ айтсақ, құзіреттіліктер мен құзырлықтарды қалыптастыруды көздейді. Берілген мақала мәдениетаралық құзіреттілік терминін анықтау мәселесіне арналған. Және де интермәдени-коммуникативтік құзіреттілік тілдік ЖОО-да негізгі мақсат ретінде ұсынылады.

Затем преподаватель объявляет, что сегодня они узнают о происхождении казахского обычая «конакасы». Обязательно необходим перевод с казахского языка слова конакасы: конак – «гость», ас – «угощение». Нужно акцентировать внимание студентов на том, что это дословный перевод слова, что семантика слова конакасы значительно шире: «доля для гостя» – в это понятие включаются приют, еда, питье, вежливое-почтительное отношение и др.

Словарная работа.

1. Прочитайте комментарий к слову.

Легенда – это поэтическое предание о каком-нибудь событии.

Являются ли синонимами слова легенда, сказка, миф?

2. Как вы понимаете словосочетание «премудрый старец»? Подберите синонимы к нему.

3. Объясните значение слов аксакал, юрта. Какие еще непереводимые слова из казахского языка вы знаете?

4. Продолжите ряд слов: верблюд, лошадь, корова ...

5. Каких домашних животных «объединяют» слова: стадо, табун, отара?

6. Подберите однокоренные слова к глаголу кочевать.

СТАДИЯ ОСМЫСЛЕНИЯ

На этой стадии используется стратегия «целенаправленного чтения». Текст разделен на семантические фрагменты и презентуется обучаемым последовательно «порционно». Причем преподаватель предлагает студентам прочитать фрагмент текста самостоятельно молча. И это очень важно, так как «при чтении вслух внимание студента приковано не к смыслу, а к артикулированию, и поэтому студент не в состоянии воспринять содержание, чтобы ответить на вопросы» [1: 104]. А при чтении про себя у них формируется «умение видеть графические знаки и соотносить их с содержанием» [там же].

Чтение текста.

Конакасы

Давным-давно, в те времена, когда еще было совсем мало людей на свете, жил премудрый старец, который приручил диких верблюдов, коров, овец, коз и стал первым скотоводом в казахских степях. Было у него три сына. Добрые сыновья во всем повиновались отцу и с великим усердием пасли его стада, табуны и отары.

Вскоре совсем состарился аксакал. Призвал он как-то к себе сыновей и сказал им:

Вопрос преподавателя: Как вы думаете, что сказал отец своим сыновьям?

- Скоро умру я, дети. Оставляю вам всё, что нажил трудом и умом. Разделите мой скот на четыре равные части, возьмите себе каждый по стаду и продолжайте с успехом дело отца. Выберите лучшие пути для кочёвок, любите и умножайте скотину, живите дружно и учите добру своё потомство...

Поклонились сыновья отцу, поблагодарили за дар, но прежде чем выйти из юрты, спросили его:

- Не ослышались ли мы, родитель наш, и верно ли поняли твой наказ? Нас трое, а ты велел разделить скот на четыре части. Кому же ты оставляешь четвёртую часть?

СТАДИЯ РЕФЛЕКСИИ

На этом этапе продолжается разговор, начатый на стадии вызова. Преподаватель проверяет понимание содержания текста, развития основной идеи текста.

1. Ответьте на вопросы по тексту.

- Чем занимался старец?

- Сколько сыновей у него было?

- Какое наследство оставил старик своим сыновьям?

- Как он разделил свое богатство? Почему?

2. Как вы думаете, почему казахи придавали большое значение гостеприимству? С чем это связано (с географическим положением, с кочевым образом жизни, с мировоззрением или др.)?

3. Найдите в тексте прилагательные, характеризующие старца и его сыновей. Какие слова вы можете добавить?

4. Закончите предложения:

- Старец решил разделить свое богатство, потому что ...

- Сыновья не поняли наказ отца, поэтому ...

- Аксакал велел разделить скот на четыре части, чтобы ...

- Многое изменилось в жизни с тех пор, но ...

- Конакасы означает ...

5. Прочитайте предложения. Скажите, правильно или нет.

- У старца было три сына и три дочери.

- Он занимался земледелием и скотоводством.

- Аксакал разделил свой скот на четыре части.

- Четвёртую часть своего наследства он решил подарить родственникам.

- Сыновья были недовольны таким решением отца.

- Конакасы означает только угощение гостя.

- До сих пор у казахов силен обычай гостеприимства.



Сәғимбаева Айжан

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ

САГИМБАЕВА Айжан
Абай атындағы ҚазҰПУ,
х.ғ.к., аға оқытушы
БҰРКИТБАЕВА К.Т.
Абай атындағы ҚазҰПУ,
2 курс магистранты,
химия мамандығы

Оқушы жетістігін нақты бағалау—білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Соңғы уақытта мектеп бағдарламасына оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда критериалды бағалау жүйесі қолданысқа енгізілді. Критериалды бағалау—бұл белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі. Бағалау тек мұғалім тарапынан жүзеге асырылмай, оқушылардың өзін-өзі және бірін-бірі бағалау жағына ойысқаны тиімді. Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе—оқу үдерісінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойлағаны бағаланады.

Қалыптастырушы бағалау—оқу үдерісіне өзгеріс енгізу мақсатында оқушылардың алға ілгерілеуін бағалау. Аналитикалық бағалау—оқушылар үшін көзделген нақты қабілеттерді белгілі бір ұзақ мерзім ішінде біртіндеп бақылап отыру және бағалау. Жиынтық бағалау — оқушылардың білім берудегі белгілі бір кезеңде (оқу бірлігінің, жарты жылдықтың және жылдың соңында) алған жетістіктерін бағалау. Қалыптастырушы бағалау кезінде оқушыларға жаңа ұғымды қабылдау барысындағы әрбір әрекетін бағалап, ынталандырып отыру, қателескен жағдайда түрлі әдіс-тәсілдермен өз қатесін жөндеуге бағыт беру басты назарда болады. Мысалы, мұғалім жеке атомдар немесе молекулалардың тотығу дәрежесі «0»-ге тең деген ұғымды ауызша, жазбаша немесе визуалды түрде оқушыға жеткізіп, оларға бірнеше заттардың формулаларын

береді. Оқушылар сол заттардың ішінен жеке атомдар мен молекулаларды тауып, олардың тотығу дәрежелерін «0» деп қойып шығулары керек. Осы жаттығуды дұрыс жасаған оқушы әрине, мұғалім тарапынан мақтауға лайық болады және бағалаудың көрсеткіші ретінде оқушы өзінің бағалау парағына сәйкес ұпай санын қоюына да болады. Ал сол берілген заттардың ішіндегі бинарлы қосылыстардағы бөлшектердің тотығу дәрежесін анықтау. Мұндай тапсырманы беру үшін алдымен мұғалім оқушыларға қысқаша мәтін беруіне болады. Мысалы, бинарлы қосылыстар 2 түрлі элемент атомдарынан тұрады. Ондағы бөлшектердің тотығу дәрежесінің сандық мәні валенттілігіне сәйкес келеді. Ал қай бөлшектің электртерістігі жоғары болса, оның таңбасы «-», ал қайсысының электртерістігі төмен болса, таңбасы «+» болады. Оқушылар осы мәтінді оқу барысында олардың «оқу» дағдысы қалыптасып, тапсырманы осы мәтін негізінде жасайды. Тапсырманы орындау барысында оқушылар «металдардың электртерістігі бейметалдан төмен болатынын және бинарлы қосылыс екі түрлі бейметалдан құралса, электртерістік кестесін пайдалану керек» деген білетін ұғымдарына сүйенеді. Критериалды бағалау жүйесін жалпы орта мектепте қолдану мақсатында келесі сабақ үлгісі ұсынылады.

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме): Тотығу дәрежесі ұғымы туралы толық түсінік алады

Сабақтың мақсаты: Барлық оқушылар: «Тотығу дәрежесі» ұғымын біледі, бинарлы қосылыстардағы элементтердің тотығу дәрежелерін анықтай алады. Көптеген оқушылар: Күрделі зат құрамындағы элементтердің тотығу дәрежесін анықтай алады. Кейбір оқушылар: Тотығу дәрежесіне байланысты күрделі есептер шығара алады.

Бағалау критерийлері: «Тотығу дәрежесі» ұғымына сипаттама береді. Бинарлы қосылыстардағы элементтердің тотығу дәрежелерін анықтай алады. Күрделі зат құрамындағы элементтің тотығу дәрежесін анықтай алады.

Пәнаралық байланыстар: Физика, математика

Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы (10 мин)	1.Ұйымдастыру (амандасу, түгендеу, көңіл-күйін білу) 2.Топқа бөлу. «Қызғалдақ» гүлін таңдау арқылы 3 топқа бөлінеді. 3. Психологиялық ахуал: Егер де сіз мектепке көтеріңкі көңілмен келсеңіз – оң қолыңызды көтеріңіз. Егер сіз сабаққа белсенді қатысамын деп келсеңіз – алға адымдаңыз. Егер сіз өз біліміңізге сенсеңіз – аяғыңызды қозғаныз. Егер де сізге химия пәні ұнаса – шапалақтаңыздар. 4."Ыстық орындық" әдісі арқылы үй тапсырмасын тексеру. 1. Сутектің табиғатта таралуын және қайда кездесетінін айтып беріңдер. 2. Сутектің көп тараған қосылысы - ... 3. Сутек қандай заттармен әрекеттеседі? 4. Сутек неліктен экологиялық таза отын деп саналады? Бағалау: «Екі жұлдыз, бір тілек».	«Қызғалдақ» гүлі Үлестірме қағаздар, слайдтар
Сабақтың ортасы (25 мин)	1. «Миға шабуыл». Жаңа сабақтың тақырыбын ашу мақсатында «Химиялық элементтердің тотығу дәрежелері» тақырыбынан слайдтар көрсетіледі. 2. «Айналмалы бекеттер» әдісі арқылы жаңа тақырыпты қорғау. 1-топқа: Тотығу дәрежесі ұғымына анықтама беріп, мысалдар келтіріңдер. 2-топқа: Бинарлы қосылыстардағы тотығу дәрежелерінің жазылуын	Интер белсенді тақта, слайдтар, постер, түрлі-түсті стикер, қаламдар

	түсіндіріп, мысалдар келтіріндер. 3-топқа: Күрделі қосылыстардағы тотығу дәрежелерінің жазылуын түсіндіріп, мысалдар келтіріндер. Оқушылар өз беттерімен ақпарат жинақтап осы тақырыпқа сәйкес постер қорғайды. Бағалау: түрлі-түсті стикерлер арқылы бағалау 3.«Кім жылдам» ойыны арқылы әрбір оқушы берілген тапсырмаларды жеке орындайды. А) Мына бөлшектердің тотығу дәрежелерін қойып шығыңыз. 1) Азот молекуласы; 2) Күкірт; 3) Хлор атомы; 4) Озон; 5) Темір; 6) Хлор молекуласы; 7) Алюминий; 8) Оттек молекуласы; 9) Көміртек; 10) Калий. Дескриптор: 1. Берілген бөлшектердің таңбасын немесе формуласын жазу керек. 2. Тотығу дәрежелерін қою керек. Бағалау: Әрқайсысы 0,2 ұпайдан, барлығы 2 ұпай. Ә) Мына бинарлы қосылыстардағы әрбір бөлшектің тотығу дәрежесін қойып шығыңыз. 1) Азот (IV) оксиді; 2) Күкірт (VI) оксиді; 3) Хлор (V) оксиді; 4) Натрий фториді; 5) Темір (II) оксиді; 6) Хлор (VII) оксиді; 7) Алюминий гидрид; 8) Су; 9) Аммиак; 10) Калий оксиді. Дескриптор: 1. Берілген бинарлы қосылыстардың формуласын жазу керек. 2. Ондағы әрбір бөлшектің тотығу дәрежесін қою керек. Бағалау: Әрқайсысы 0,5 ұпайдан, барлығы 5 ұпай. Б) Берілген күрделі заттардағы әрбір бөлшектің тотығу дәрежесін жазыңыз. 1) Азот қышқылы; 2) Күкірт қышқылы; 3) Натрий сульфаты; 4) Марганец қышқылы; 5) Калий нитриті; 6) Кальций ортофосфаты; 7) Алюминий сульфаты; 8) Калий перманганаты; 9) Темір (III) карбонаты; 10) Хром (III) ортофосфаты. Дескриптор: 1. Тұрақты тотығу дәрежелерін қойып шығады. 2. Өзгермелі тотығу дәрежелерін «х» деп белгілейді. 3. Тотығу дәрежелерін қосып, «0»-ге теңестіреді. 4. «х»-ті математикалық жолмен есептеп табады. Бағалау: Әрқайсысы 1 ұпайдан, барлығы 10 ұпай. Сергіту сәті. «Сілкі» жаттығуы	 Карточкалар
Сабақтың соңы (10 мин)	1. «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі арқылы сұрақтарға жауап беру 1. Химиялық реакция типін тап. Қажет жерлеріне коэффициенттер қойындар. Егер тотығу дәрежесі реакцияға дейін және реакциядан кейін өзгерсе, жанына «иә» деп жаз, өзгермесе «жоқ» деп жаз. $Hg + S \rightarrow HgS$ $H_2O + P_2O_5 \rightarrow H_3PO_4$ $CuSO_4 + NaOH \rightarrow Na_2SO_4 + Cu(OH)_2$ $Fe + HCl \rightarrow FeCl_2 + H_2$ $Al(OH)_3 \rightarrow Al_2O_3 + H_2O$ 2. Барлық жағдайларда тотығу дәрежесі өзгере ме? 3. Тотығу дәрежесінің өзгерісі реакция типіне байланысты ма? Бағалау: «3-2-1 Стратегия» 3 - Мен бүгін үйренген 3-нәрсе.... 2 – Мен қызықты деп тапқан 2-нәрсе.... 1 – Мен үшін күрделі 1-сұрақ.... 2. Үйге тапсырма: Химиялық элементтердің тотығу дәрежелері.	Оқулық Карточкалар Слайдтар
Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?	Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақтау
Топтық, жұптық жұмыс арқылы оқушылар бір-біріне көмектеседі. барлық оқушылар сабақ барысында қабілеттеріне қарай тапсырмаларды қолдау көрсете отырып орындаса, ал кейбір оқушылар дереккөздермен жұмыс істей алады.	Оқушы білімінің жетістігін «Екі жұлдыз, бір тілек», «Түрлі-түсті стикерлер арқылы бағалау», «3-2-1 стратегия» сияқты қалыптастырушы бағалау әдістерін пайдалана отырып бағалаймын.	Оқушылардың сабақта химия кабинетіндегі қауіпсіздік техникасының сақтауын бақылаймын.

Сабақ максаттары немесе оқу максаттары шынайы және қолжетімді болды ма? Барлық оқушылар оқу максатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу максатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?

«Бір ауыз сөз»

Оқушылар стикерге сабақ туралы бір ғана сөз жазып, оны тақтаға жапсырады. Өз ойларын түсіндіріп береді.

Қорытынды бағалау:

Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)? Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)? Осы сабақтың барысында

мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?

Түйіндей айтқанда, критериалды бағалау жүйесін қолдану арқылы жеке тұлғаны жауапкершілікке, нәтижеге бағытталған іс-әрекетке және де оқушылардың білім деңгейлерінің өсу динамикасын кез-келген уақытта байқауға мүмкіндіктер туындайды. Мұндай сабақтар оқушының білімін тереңдетіп, ой-өрісін жетілдіруге септігін тигізеді анық. Қорыта келгенде, критериалды бағалау жүйесі барысында өзінді басқа адаммен салыстыру қажет емес, критерий үлгілері бойынша оқушылардың білім деңгейлерін бағалап жетістікке жетуге болады.

ХИМИЯ ҒЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

Екі заттың бір-біріне әсері арқылы үшінші бір затты шығару химия ғылымының негізгі мақсаты болып саналады. Менделеев химиялық элементтер кестесін дайындаған кезде небәрі 63 элемент қана белгілі болған. Ал бүгін олардың саны 118-ге жеткен. Ендеше химия ғылымына қатысты қызықты мәліметтерді назарларыңызға ұсынамыз.

- Ғылымға белгілі химиялық элементтердің ішінде тек бром мен сынап қана табиғатта сұйық күйде кездеседі.

- Швед химигі Карл Шееле химиялық элементтерді ашу бойынша рекорд орнатқан. Аталған ғалымның арқасында біз бүгінгі таңда вольфрам, барий, молибден, марганец, хлор, фтор және оттекті білеміз.

Одан кейін Шееленің отандастары Карл Мосандер мен Якоб Берцелиус орын алған. Сосын ағылшын Гемфри Дэви мен француз Поль Лекок де Буабодрандар тізімде келеді. Бұлардың әрқайсысы 4 элементтен ашқан. Жоғарыда аты аталған ғалымдардың еншісіне қазіргі химиялық кестеде бар элементтердің төрттен бірі тиесілі.

- Химия тарихында өтірік ашылған элементтер тізіміне 250 түрлі атау кіреді. Дегенмен олардың ішінен тек 15-і ғана элемент ретінде тіркелген.


- Бастапқыда гелий мен технеций элементтері спектрлі әдіспен Күн атмосферасында бар деп танылған. Кейіннен аталған материалдар Жерден де табылады.

- Біздің ғаламшарда химиялық элементтердің таралу көлемі ғарышпен салыстырғанда өзгеше. Мысалы, Жерде кремний мен оттегі басым болса, ғарышта – гелий мен сутек.

- Су молекулалары қайнаған кезде секундына 650 метр жылдамдықпен қозғалады.

- 100 тонна табиғи каучукты алу үшін 100 адам бес жыл бойы плантацияда еңбек етуі қажет.

- Орта ғасырларда Италия айна шығару монополияларымен әйгілі болған. Айта кетсек, Венецияда XVII ғасырға дейін айна дайындау технологиясы құпия сақталып келген. Оның өндіру әдісін ашып айтқан адамды өлім жазасына кесетін болған. Бұл өндіріс Ұлы Жібек Жолы тармақтары тоқтағаннан кейін маңызын жоғалтады.




1928 ж. 1 қыркүйекте Қазақ мемлекеттік университеті атты бірінші қазақ жоғары оқу орны ашылды. Онда бір ғана факультет болды - педагогика факультеті, ол үш бөлімнен тұрды: физика-математика, жаратылыстану және лингвистика-педагогика. 1930 ж. университет Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты (ҚазПИ) болып аталды.

1935 ж. оған ұлы Абайдың есімі берілді. Сол жылдары институтта қазақ халқының көрнекті өкілдері Ораз Жандосов, Сәкен Сейфуллин, Баймен Алманов, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов, Ілияс Кабылов, Темірбек Жүргенов және т.б. жұмыс істеді.

Соғыс жылдары еңбектегі ерліктері үшін институттың оңға жуық оқытушылары, қызметкерлері, студенттері Отанның жоғары жүлдесі Совет Одағының Батыры атағына ие болды: Мәлік Ғабдуллин, Лесбек Жолдасов, Қанаш Қамзин, Рахымжан Тоқтаев, Ахмедияр Хұсайнов, Саду Шакирим.



Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тыңдаушылармен талқылау үстінде



МАГНУРОВА Мира, диспетчер



ПЕРНЕБЕКОВА Анар, әдіскер

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Қазақстандағы жетекші және ірі университет, сондай-ақ, отандық педагогикалық ғылым мен мәдениеттің орталығы болып табылады. Республикамыздағы ең үздік 10 университеттің ішінде төртінші орынды, ал педагогикалық университеттердің көрсеткіштері бойынша бірінші орынды иеленеді.

Білім саласындағы Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан тәуелсіз агенттігінің Бас рейтингінде «Білім» бағыты бойынша (НКАОКО) педагогикалық жоғары оқу орындары арасында университетіміз 1 орынға шықты.

Педагогикалық мамандықтарда білім беру бағдарламаларының сапалы орындалуын қамтамасыз ету мақсатымен университетімізде халықаралық және ұлттық аккредитация агенттіктерінің мамандандырылған аккредитациялары өткізіліп тұрады. Бүгінгі таңда ҚазҰПУ-дың барлық педагогикалық мамандықтары бойынша білім беру бағдарламасы Германияның ASIIN агенттігінің халықаралық аккредитациясымен дәлелденді.



ТУСУПОВА Айжан, хатшы

ФИЗИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАЛАПКЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ОҰЛАУ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПАСТЫРУДАҒЫ РОЛІ



БОРАНБЕКОВА Акнур
Абай атындағы ҚазҰПУ,
магистр, оқытушы

Қазіргі таңдағы еліміздегі ең өзекті мәселелердің бірі - білім беру саласы. Білім беру саласының күрделілігі мен жауапкершілігінің өте жоғары болатыны соншалықты, бұл мәселе дүние жүзіндегі барлық елдер үшін барлық уақытта өзекті мәселе болып келеді. Ел экономикасының, мәдениетінің және тұрақты дамуының негізі болып келетін білім беру саласын фундаментальді түрде зерттеу яғни бұл саланың тереңдегі заңдылықтарын ашып зерттеу еліміздегі кезек күттірмейтін мәселелердің бірі.

Осы мақсатта 2016 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-де ЖОО –на дайындық факультеті ашылды. 2016/2017 оқу жылында тыңдаушылар қажырлы еңбек етіп, үлкен дайындықтың нәтижесінде тыңдаушылар қатарынан студент қатарына өтті. Былтырғы оқу жылында 85 тыңдаушы білім алып, оның 65 тыңдаушысы Білім және ғылым министрлігінің білім грантын иеленіп, қазіргі таңда өздері қалаған мамандықта білім алуда. Ал, биылғы 2017/2018 оқу жылында ҚР Білім және ғылым министрі Е.Сағадиевтың 2017 жылдың 28 қыркүйегіндегі №488 бұйрығына сәйкес 95 тыңдаушы мемлекеттік білім грантын иеленді. Оның 37-і тыңдаушысы физика және тілдік бағытта білім алып жатыр. Физиканың негізгі заңдылықтарын (механика, молекулалық физика және термодинамика негіздері, электродинамика негіздері, тербелістер мен толқындар, оптика, т.б.) сонымен қатар, тыңдаушыларға қазіргі заман физикасының элементтері туралы түсініктерді қалыптастыруды алға мақсат етіп отырмыз.

Физика табиғаттағы құбылыс туралы

ғылым болғандықтан ол құбылысты бақылай және зерттей білу керек. Құбылыс ол - өзгеріс. Сол өзгеріс кезіндегі физикалық шамалардың арасында байланыстарды, тәуелділіктері түсіне және анықтай білу керек.

Физикалық есепті шығару арқылы физикалық құбылыстарға анализ жасау, қосымша шарттар қою, физикалық параметр араларындағы тәуелділіктерді анықтау және байланыстыру ыңғайлы. Рас, физикалық есепті шығару үшін элементарлық математикалық материалдарды білу қажет, математикалық амалдарсыз физикалық шамалар арасындағы байланыстары түсіну мүмкін емес.

Дегенмен, физиканы түсіну формула жаттау емес, сол формулалардың физикалық мағынасын, физикалық шамалар арасындағы байланыстар мен заңдылықтарды түсінуде. Әрине, физика күрделі пәндер қатарына жатады. Сондықтан физиканы түсінбеген жағдайда оған деген қызығушылық та, оны оқуға деген құштарлықта болмайды.

Физикалық есепті шығару адамның терең ойлануын қажет ететін үрдіс. Қазіргі жағдайда физика курсының теориясын жақсы білген талапкердің өзі барлық уақытта физика пәнінің есептерін шығара алмайтын жағдай жиі кездеседі. Кейбір талапкер теорияны оқудың соншалықты қиындыққа түспейтіндігін, физикалық заңдардың анықтамалары мен формулалары есте оңай сақталатындығын, ал есеп шығаруға келгенде тығырыққа тірелетіндігін мойындайды. Бұның өзі талапкердің физикалық теория мен заңдылықтарды, яғни табиғаттағы құбылыстарды толық түсінбейтіндігін, оларды тек қана жаттанды түрде есте сақтайтындығын білдіреді. Дегенмен физиканы түсіну формула жаттау емес, сол формулалардың физикалық мағынасын, физикалық шамалар арасындағы байланыстар мен заңдылықтарды түсінуде. Тіпті, кейде талапкердің физика есептерінің шарттарын оқып болғаннан кейін есеп шығаруды неден бастау керек екендігін білмей тұратын кездері де болады. Кейде берілген есепке сай келетін формуланы дұрыс пайдаланғанымен математикалық есептеулерде қателік жібереді. Ал қазіргі тесттік емтихан талабына сай, есептің шығару жолы дұрыс болғанымен, жауабында бір саннан қателік кетсе жауап та қате болып саналады. Сондықтан физика пәнінің есептерін шығару оңай емес. Егер физикалық есеп қандай да бір физикалық құбылысты қамтып көрсетсе, онда ол есепті шығару үшін құбылысты тек қана көз алдымызға келтіріп қана қоймай, бұл құбылысқа анализ жасай білуіміз керек. Физикалық

құбылысқа анализ жасау, физикалық жүйені таңдау мен оған анализ жасаудан басталып, осы жүйеге арналған физикалық заңдарға сәйкес келетін теңдеулер құрумен аяқталады.

Физикалық есепті шығару үшін, есептің шартын оқып болған соң, қандай физикалық шамалар берілді, қандай физикалық шамаларды табу керек, берілген және ізделініп отырған шамалар арасындағы байланыстарды анықтау мақсатында есептің шартын жазу керек. Сонан соң есептің шартында берілген және ізделініп отырған шамаларды белгілей отырып есептің сызбасын (суретін) саламыз. Салынған суретті көрнекті құрал ретінде пайдалана отырып, есептің шарты бойынша жасалған физикалық құбылысты көз алдымызға келтіруге болады. Бұл есепті дұрыс шығару үшін пайдаланылатын, берілген физикалық құбылысты дұрыс түсінудің бірден- бір жолы. Есеп шығаруды жеңілдету үшін физикалық шамалардың пропорциясына мән берген жөн. Мысалы: бастапқы арақашықтықты табу.

Екі дене R0 қашықтықта F0 күшпен тартылады. Егер арақашықтық 200м-ге артса, тартылыс күші 3 есе кемиді. Бастапқы арақашықтықты табу керек.

Берілгені:	Шешуі:
R_0, F_0	$F \sim \frac{1}{R^2}$
$R=R_0+200$	
$F = \frac{F_0}{4}$	$R=2 R_0, 2R_0=R_0+200$
$\frac{1}{k} R_0 - ?$	$R_0=200$

Мына есепте көріп отырғанымыздай Бүкіл әлемдік тартылыс заңы бойынша күш арақашықтықтың квадратына кері пропорционал. Физикалық шаманың пропорциясына қарап күш кемісе, арақашықтық артады. Соған байланысты физикалық шамалардың пропорциясын жазып оны бастапқы орнына апару арқылы есепті оңай жолмен шығаруға болады.

Қазіргі жағдайда білім алушының өзі әлемді өзгертушінің және жасампаздың рөлін атқарады. Осыдан барып жан-жақты білім беру саласында талапкердің шығармашылық потенциалын оның мәдени, психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес ашуға қажеттілік туады. Сондықтан, физиканың алдындағы тұрған мәселе тек қана білім алу, табиғаттағы құбылыстарды бақылау, сол құбылыс нәтижелерін сипаттау, қорытындылау және білуге деген қызығушылықты дамыту ғана емес, сонымен қатар шығармашылық қабілеттілікті қалыптастырып, қоршаған әлемді танып-білуге болады деген сенімділікті нығайту болып табылады.



ПРОБЛЕМЫ В ИЗУЧЕНИИ РУССКИХ ГЛАГОЛОВ ДВИЖЕНИЯ В КИТАЙСКОЙ АУДИТОРИИ

МАМЫТБЕКОВА Л.К.
КазНПУ им. Абая
Магистр, ст.преподаватель

Особые проблемы возникают при изучении глаголов движения среди многих трудностей, с которыми сталкиваются китайские студенты в ходе изучения русской грамматики. Причины возникновения этой проблемы связаны, с одной стороны, с самой сложностью употребления ГД в русском языке, а с другой стороны, со спецификой русского и китайского языков.

Так, китайский глагол не имеет категорий вида, спряжения, переходности, некоторых других, свойственных русскому глаголу. В данной статье на основе сопоставительного анализа двух языков рассматриваются проблемы, связанные с изучением глаголов движения с приставками в китайской аудитории.

Проблемы в изучении и употреблении вида глаголов движения с приставками.

В методике преподавания РКИ учащимся рекомендуют следовать такому положению: «при присоединении приставок глаголы однонаправленного движения приобретают значение совершенного вида, а глаголы разнонаправленного движения остаются глаголами несовершенного вида» [2, с. 325]. Китайские учащиеся усваивают это правило, однако у них остаются некоторые трудности в использовании приставочных ГД. Основные сложности возникают при употреблении формы прошедшего времени ГД с приставками пространственного значения, когда глаголы совершенного вида, образованные от бесприставочных глаголов однонаправленного движения, обозначают «движение в одну сторону», а глаголы несовершенного вида — «движение туда и обратно». Примеры наиболее частых ошибок китайских студентов:

• Он вчера зашёл (вместо заходил) к Олегу, приносил ему записку от Саши.

• Сегодня утром его не было дома, он ушёл (вместо уходил) на занятия.

• Где вы были в прошлом месяце? — Я уехала (вместо уезжала) в Пекин в командировку.

Китайских студентов следует приучать к тому, что совершенный вид русских глаголов движения с приставками в прошедшем времени обозначает однонаправленное действие, результат которого к моменту речи сохраняется, а несовершенный вид — движение «туда и обратно», результат которого к моменту речи аннулирован [3, с. 220].

Проблемы в изучении значений приставочных глаголов движения.

Кроме ошибок, связанных с употреблением вида приставочных глаголов движения, у китайских студентов часто возникают проблемы с подбором нужной приставки. В. В. Виноградов писал о том, что приставка в русском языке рассматривается как часть глагола, являющаяся важным смыслообразующим компонентом. Ёмкость и гибкость семантической структуры глагола в большой степени обусловлены разнообразием живых значений приставок, сложным взаимодействием их со значениями слов. Именно поэтому, — по мнению учёного, — в глаголе префиксы играют бóльшую роль, чем суффиксы [1, с. 339–340]. Приставочные глаголы движения в русском языке ориентируются только на пространственные координаты: 1) на исходный пункт — глаголы с приставками с-, от-, у-; с особо выделенной приставкой вы, которая фиксирует как исходный пункт, так и конечный; 2) на конечный пункт — глаголы с приставками в-, под-, при-, за-; с особо выделенной приставкой до-, для которой конечный пункт воспринимается как «докуда»; 3) на путь, маршрут движения — глаголы с приставками о-, пере-, про-. Сопоставление с родным языком учащихся показывает, что в китайском языке, в зависимости от ориентира, глаголы направленного движения могут объединяться в группы с

указанием:

- на субъективный ориентир: простые глаголы движения [lai] — «прийти» (к говорящему), [qu] — «уйти» (от говорящего);
- на пространственный ориентир: простые глаголы движения, кроме [lai] — «прийти» и [qu] — «уйти»;
- одновременно на субъективный и пространственный ориентиры: сложные глаголы движения» [5].

Учитывая влияние родного языка на русский, типичные ошибки китайских студентов в выборе приставки основываются прежде всего на различии указания направления движения, главным образом, на пространственный ориентир в русском языке и на субъективный ориентир в китайском, что акцентируется при использовании русского глагола прийти (кит. «lai»). Распространённой ошибкой китайских студентов стало употребление глагола прийти как полного эквивалента китайского «lai» и его доминирование в случае необходимости использования любого приставочного глагола движения. Приведём примеры наиболее частых ошибок, связанных с этими особенностями русского и китайского языков, у китайских учащихся:

• Он пришёл (вместо подошёл) к незнакомой женщине и спросил её, как пройти на площадь Тяньаньмэнь.

• Раздался звонок, преподаватель пришёл (вместо вошёл) в аудиторию и спросил: «Кто отсутствует на занятии?».

Научить пользоваться разными русскими приставочными ГД — одна из обязательных задач преподавателя, работающего с китайскими студентами.

При этом следует чётко формулировать основные значения глаголов движения с каждой из приставок и указывать на формы падежного или предложно-падежного управления этих глаголов зависимыми словами. Так, ГД с приставкой под- (подо-, подь-) обычно употребляются в сочетании с предлогом к и обозначают движение с целью приблизиться или приблизить кого-либо или что-либо к предмету: Я подошёл к брату. Девочка подбежала к бабушке. Машина подъехала к дому.

Приставка в- (во-, вь-) употребляется с глаголами движения при обозначении движения внутрь пространства или на более высокое место:

• Он вошёл в комнату и сел на диван. Этот шкаф нужно внести в второй этаж.

Приставка при- указывает на конец движения:

• Отец вовремя прилетит на конгресс.

Ошибки китайских учащихся могут быть вызваны тем, что на китайский язык многие русские приставочные глаголы движения переводятся по-разному: одним словом или словосочетанием. Например, действия, передающиеся глаголами с приставками в-, под-, могут передаваться глаголом lai, указывающим на субъективный ориентир, а также сочетаниями с глаголом zou — «идти» — с некоторыми словами: zou jin — «войти», zou dao gen qian — «подойти».

В обучении китайцев необходимо учитывать специфику их менталитета, ориентирующегося в данном случае на субъективный, а не пространственный ориентир. Устранить подобные ошибки нам обычно помогает сознательное выучивание отрывков из текста, при котором преподаватель акцентирует внимание на ситуацию, в которой используется тот или иной приставочный глагол движения.

Приставка про- употребляется в значении «миновать что-то», а также при обозначении движения, которое происходит от одного объекта к другому. Глаголы движения с приставкой про- обычно употребляются в сочетании с предлогами мимо, вдоль, через, по.

Глаголы движения с приставкой пере- чаще всего употребляются с предлогом через, на, в или с сочетанием на другую сторону чего-то. Русские ГД с приставками про- и пере- переводятся на китайский язык словом chuan guo. Например:

- Он прошёл улицу. *Ta chuan guo jie dao.*
- Он перешёл улицу. *Ta chuan guo ta lu.*
- Машина переехала через (вместо проехала через) лес и выехала на шоссе.

Китайские эквиваленты различаются только переводом субстантивной словоформы улицу.

В предыдущем предложении улицу переводится как *jie dao*, а в (16) — *ta lu*. *Guo ta lu* стало устойчивым словосочетанием со значением «перейти на другую сторону улицы». Таким образом, в китайском языке функцию русских приставок про- и пере- выполняют не глаголы, а формы имён существительных. Из-за того, что глаголы движения с приставками про- и пере- переводятся одинаково *chuan guo*, китайские студенты, не усвоившие русскую пространственную специфику направления

действия мимо чего-то (про-) и на другую сторону чего-то (пере-), часто путают глаголы с приставками про- и пере-.

Таким образом, в данной статье мы попытались установить основные ошибки китайских учащихся при изучении глаголов движения и определить причины этих ошибок. Путанице в употреблении русских ГД китайцами способствует имеющийся стереотип восприятия глаголов движения в родном языке, который свидетельствует о доминировании их направленности на субъективный ориентир и само действие, событие, а не на объективное движение в пространстве и времени. Основные пути устранения ошибок находят выражение в использовании тренировочных заданий по преодолению семантической интерференции родного языка и выработке навыка использования русских глаголов движения в тех или иных группах ситуаций.

РОЛЬ СТРАНОВЕДЕНИЯ В ПРАКТИКЕ ПРЕПОДАВАНИЯ РУССКОГО ЯЗЫКА ИНОСТРАННЫМ ГРАЖДДАНАМ

АЙТКАЗИНА Тогжан
КазНПУ имени Абая
к.п.н. асс.профессор

Изучение иностранных языков, в том числе русского языка, является одним из важных путей взаимодействия между странами, достижения взаимопонимания и сотрудничества в условиях глобальной интеграции.

Страноведческий аспект является необходимым компонентом содержания обучения иностранных студентов русскому языку и предполагает работу над теми единицами языка, которые непосредственно связаны с культурно-историческим опытом носителей языка. В Республике Казахстан сложилась уникальная языковая ситуация, когда в целях коммуникации используются два языка — казахский и русский. Это объясняет тот факт, что носителями русского языка являются не только представители русской национальности, но и казахи, немцы, корейцы и другие народы, проживающие в республике. Использование на занятиях русского языка местного страноведческого материала способствует формированию правильности речи не только с точки зрения норм изучаемого языка, но и с точки зрения культурного контекста.

Дисциплина «Страноведение Казахстана» в программе обучения казахскому и русскому языкам в иностранной аудитории является обязательной. Объектом страноведения является — человек, его язык и культура.


Учебное пособие «Путешествуем по Казахстану» [1], авторами которого являются Бегалиева С.Б., Айтказина Т.Т., Казабеева В.А., предназначено для иностранных студентов, изучающих русский язык в Республике Казахстан.

Пособие состоит из шести частей: «Символы Республики Казахстан», «Казахстан на карте мира», «Казахские традиции и

обычай», «Абай — великий сын степи», «Мир традиционной культуры казахов» и др. Каждая часть пособия включает тематически и логически связанные между собой учебные тексты. Тексты имеют не только познавательное, но и воспитательное значение. Они знакомят с историей, географией и культурой Казахстана, раскрывают самобытный мир традиций и обычаев казахов. Каждая часть пособия начинается с усвоения необходимого лексического минимума. Далее следуют предтекстовые задания, подготавливающие студентов к чтению и пониманию текста. Послетекстовые задания направлены на осмысление новой страноведческой информации и на актуализацию грамматических знаний. Приобретенные в ходе обучения речевые умения и навыки обеспечивают возможность пользоваться русским языком как средством общения. В пособие включены тексты для дополнительного чтения, лексический минимум и тестовые задания.

На кафедре филологических специальностей для иностранных граждан и довузовской подготовки КазНПУ имени Абая занятия по «Страноведению Казахстана» проводятся в специализированном кабинете. Здесь собраны экспонаты, представляющие богатую культуру казахского народа: юрты, музыкальные инструменты, национальная одежда и др.

Как справедливо отмечают Е.М. Верещагин и В.Г. Костомаров: «...усваивая язык, человек одновременно проникает в новую национальную культуру, получает огромное духовное богатство, хранимое изучаемым языком» [2].



ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ – ҚАЗАҚ ЕЛІ БОЛУДЫҢ БАСТАУЫ!



ТАСПУЛАТОВА Қалдығұл
Абай атындағы ҚазҰПУ
магистр, оқытушы

Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру, жаңа ғасырлардың белесінде өзінің 26 жылдық тарихына табан тіреген Қазақ елін патриоттар мекеніне айналдыру қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Еліміз ғасырлар бойы ансаған мемлекеттік егемендігін алған

уақыттан бері оны нығайту жолында маңызды мәселелерді шешіп, күрделі өзгерістерді бастан өткеруде. Осындай жағдайларда өткен тарихымыздың күрделі кезеңдерінен сабақ алып осы заманның проблемаларын шешудің жолы қарастырылуда.

Патриотизм – отбасына, туып-өскен ортасына, топырағы мен табиғатына, еліне деген құрметтен бастау алады. Өз ұлтын, жерін сүйіп, оның мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын адам ғана шынайы патриот бола алады. Оны зорлықпен, нұсқаумен жүргізу мүмкін емес. Тұтастай алғанда қарапайым халық патриоттықты ұлтын сүйумен байланыстырады. Ал оның астарында көптеген алғышарттары жатқанын біреу білсе, біреу біле бермейтін шығар. Шын мәнінде, ол тек ұлтын сүйумен шектелмейтіні белгілі. Кезінде Алаш арыстары да ұлтшыл деп айыпталғанымен, шын мәнінде нағыз патриот болғанын тарих дәлелдеп берді. Осы орайда жаңа қазақстандық патриотизмге қатысты айтылған Жолдаудағы Елбасының сөздерін мысалға келтіре кетсек, артық болмас деп ойлаймыз. «Болашаққа деген сенім болмаса, толыққанды мемлекет құруға болмайды. Мемлекет пен азаматтың мақсаттары барлық бағыттар бойынша сәйкес келуі өмірлік тұрғыдан маңызды. Мемлекеттің басты міндеті де осы. Азаматтар мемлекетке болашақ бар болса, даму үшін, жеке және кәсіби тұрғыдан өсу үшін мүмкіндіктер болса ғана сенім артады», – дейді Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев. Шын мәнінде, сенім болмаған жерде өркендеу,

өсу болмайтыны анық. Кез келген адам өзінің болашағына үлкен үмітпен, сеніммен қарайтыны белгілі. Ал ол үшін қажетті мүмкіндіктердің жасалып, қолға алынып жатқаны, әрине, біз үшін үлкен жетістік. «Мемлекет және халық мұны сезініп, бірлесіп жұмыс істеуге тиіс», – деген Елбасының сөзі де халықты жігерлендіріп, мақсаттандырып тастағаны анық. «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл, ең алдымен, елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады. Бірақ бүгінде қалыптасқан мемлекеттің жаңа даму кезеңінде бұл түсініктің өзі жеткіліксіз. Біз бұл мәселеге прагматикалық тұрғыдан қарауымыз керек». Иә, расында патриоттық сезімге баулу туралы бізде аз айтылып жүрген жок. Десек те, айтылуы мен орындалуының жөні бір басқа. Сол себепті прагматикалық тұрғыдан қараудың да маңызды екені анық.

Егер еліміздің болашақ жастарын Отансүйгіштікке қазіргі жастар көбінесе барлық қордаланған мәселелерді мемлекет шешіп беруі тиіс деп есептейтіні жасырын емес. Сондықтан осыған орай Жолдауда айтылған келесі сөздер де дер кезінде айтылған деп білеміз. «Егер мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса, біз елімізді сүйеміз, онымен мақтанамыз. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады». Бұл, әрине, қазіргі жастардың көзімен қарағанда өте дұрыс жол. Себебі, бүгінгі жастардың дүниетанымы, өмірге деген көзқарасы, арманы, мақсат-мүддесі, өресі өзгеше. Ұлтжандылыққа тәрбиелейміз десек, ең алдымен, қазақ мәдениеті мен өнеріне, мемлекеттік тілге мән бергеніміз жөн. Біздің қазақта Отаншылдыққа тәрбиелеудің тамыры тереңде, халық ауыз әдебиетінде – мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерінде, ертегілер мен батырлар жырында, терме және халық әндерінде жатқаны ақиқат. Қазақта «Бөтен елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Ер бір өледі, ез мың өледі» деп, жас ұрпақты елін сүйуге, намысты таптанбауға тәрбиелеген. Ендігі мақсат осындай ұлағатты да даналы сөздерді елімізді мекен етіп жатқан барлық ұлттар мен ұлыстарға жеткізу, олардың да Отанға деген сүйіспеншілігін ояту болмақ.



Қазақта ең алғаш қазақ балалары үшін халық мұрасына, салт-дәстүріне, ерлік, адамгершілік тәрбиесіне негіздей отырып, оқулық жазған Ы.Алтынсарин болды. Ол көшпенді елдің баласына ғылым-білім, өнер үйретуді армандады. Абай Құнанбаевтың еңбектерін зерделеп қарайтын болсақ, жастарды ерлік рухта, патриотизмге баулып, намысын, ар-ожданын, адамгершілік қасиеттерін тудыратын жыр жолдарын кездестіреміз. Оның “Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп” деген сөзі, барша жұртшылықты жауланды, күш көрсету дегенді білместен, тек тату-тәтті өмір сүруге шақырады. Қарап отырсақ, қай кезде болмасын халық игілігі үшін еңбек еткен ағартушылардың, ақын-жыраулардың барлығының мақсат-мүддесі қазақ халқын тек бірлікке, ынтымаққа шақыру, ешкіммен жауласпау, оқу білімге уағыздау, адамгершілікті, адал шыншыл болуға, өз Отанын сүюге, отаншылдық,

отансүйгіштік қасиеттерді әр адамның бойына дарытуға ұмтылған.

Сонымен қорыта келгенде, қазақстандық патриотизм, ол – бүкіл қазақстандықтарға тән. Себебі бізде ортақ Отан, ортақ тарих, ортақ салт-дәстүр, ортақ тіл мен мәдениет. Қазақстандық патриотизм мен ұлтаралық татулықтың маңыздылығы жөнінде Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тарихи еңбектерінде толық қамтылып, жазылған. Бұның өзі көп нәрседен хабар берсе керек. Бабаларымыз тірі болу үшін күрессе, біз ірі болу үшін күресеміз. Ұлт ірі болуы үшін әрбір қазақ ірі болу керек. Ірі болу – өзінді-өзін тану, өзінді-өзін мойындау, жұртқа мойындату. Әр қазақ өзінің Алаштың ұрпағы екендігін мойындауы һәм терең сезінуі керек.



АТЕМОВА Қалдықыз
Абай атындағы ҚазҰПУ
аға оқытушы

Менің педагогикалық ИДЕЯМ

пайдаланып келемін.

2016-шы жылдың қараша айынан бастап 30 жыл араға салып, қайта ашылған ЖОО дейінгі дайындық факультетінің алғашқы түлектеріне осы технологияны қолданып, жұмыс жасау нәтижесінде олардың тоқсан пайызы аталған оқу орнының грант иегері атанды. Денгейлеп – саралап оқыту технологиясы тыңдаушылардың білімді өздігінен сапалы түрде меңгеруіне ең тиімді әдіс екенін байқадым. Бұл технологияның басты мақсаты әрбір тыңдаушының даму деңгейіне оқу материалын меңгеруін қамтамасыз ете отырып, саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Тыңдаушыларды тәрбиелеуде олардың бойындағы туа біткен табиғи мүмкіндіктерін дамыту, бағалау, сенім арту, талап ету арқылы жауапкершіліктерін жетілдіруге болады.

Бүгін де білім берудің әдіс – тәсілдерінің 50 - ден астам түрлері бар. Осындай сан қырлы, әрі күрделі технологияларды жүзеге асыруда тыңдаушылардың атқарар рөлі орасан. Болашақ ұстаз ретінде оларға әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол курстың бағдарламасының құрылымын дайындап, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында өз бетімен бағалау – пысықтау жұмыстарын орындайды. Бұл ретте болашақ ұстазды оқыту мен тәрбиелеуде психологиялық қарым қатынас бой көтереді және бірнеше талаптар қойылады.

- Тыңдаушының мақсаттары

мен міндеттері алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы білуі қажет.

- Оқу үрдісінде электрондық оқулықтар шеңберінде жүргізу ісіне жан – жақты даярлау, онлайн жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болуы қажет.

- Компьютерлік оқыту технологиясын жетік білетін, білім саласындағы қызметкерлерді, оқушыларды таныстыра біле қажет.

- Тыңдаушының ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылануы қажет.

Әлеуметтік дамудың қазіргі заманғы тенденциялары білім беру процесінде олардың қабілеттерін, ерекшеліктерін ашып, дамытуға айрықша ынта білдіру. Ақпарат көп және тез өзгеруіне байланысты білім стратегиясын өзгерту қажеттілігі туып, бұрынғыдай тыңдаушыларға дайын білім бергеннің орнына, тыңдаушының өзі білім алу жолдарын іздестіріп, оны өмірде қолдана білуді үйрету қажет деп есептеймін.

Бұл мақсатқа жету үшін оқу – тәрбие үрдісіне жана әдіс – тәсілдер енгізу және тыңдаушының өзіндік басым назар аудару қажет. Әр тыңдаушы арнайы педагогикалық және әлеуметтік бағдарламаның басты назарында болуы қажет, үйткені өмір сүру жағдайын жақсарту және ұлттың гүлденуіне деген үлкен үміт осы ұрпаққа байланысты.

Мен бүгінгі таңда «Шетелдік азаматтарға арналған және ЖОО дейінгі дайындық факультетінде» еңбек етіп келемін. Алдымдағы тыңдаушыларға зер сала қараймын, қараймын да ойланамын. Алға үмітпен талпынған оған олардың алдында менің де ұстаз ретінде менің де ұстаз ретінде үлкен жауапкершілігім бар – ау деп пайымдаймын. Сондықтан менің өзіме қояр талабым, алдыма қойған мақсатым жоғары болуы тиіс.

Аудиториядағы тыңдаушылардың бірі зерек те алғыр, бірі енжар, бірі баяу, бірі тым пысық.

Ал, менің бәріне беретін білімімнің мазмұны мен қоятын талабым бірдей де, Ал, менің бәріне беретін білімімнің мазмұны мен қоятын талабым бірдей де, олардың мұны қабылдауы түрліше.

Тыңдаушы білімін арттыру, пәнге қызықтыру үшін оқытуды жалпы алғанда ең бірінші тыңдаушылардың неге қызығатынын анықтап, бастау керек деген ойдамын.

Алдымдағы шәкірттерді тұлға ретінде қасиеттерін зерттей келе, олармен дербес жұмыс жасауға мүмкіндік беретін әдіс деңгейлеп – саралап оқыту технологиясын

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ



ЕРЖАНОВА Феруза
КазНПУ имени Абая
старший преподаватель

Как известно, приоритеты государственной образовательной политики направлены на подготовку квалифицированного работника соответствующего уровня и профиля, конкурентоспособного на рынке труда, компетентного в своей профессии и ориентированного на деятельность в смежных областях, способного к постоянному профессиональному росту, социальной, профессиональной мобильности. Считается что, профессиональная подготовка студентов должна предполагать овладение студентами ключевыми компетенциями, развитие критического и творческого мышления, формирование коммуникативных навыков. Соответственно, для эффективной подготовки специалистов филологов необходимы новые подходы и технологии. Современные инновационные механизмы рассматриваются нами как методы, средства, способствующие эффективному обучению через повышение интереса и мотивации студентов к новой деятельности.

В образовательной практике существуют множество видов инновационных педагогических технологий, различающихся по содержанию, целям и задачам. В данной статье описываются только некоторые из них, которые непосредственным образом реализуются в Казахском национальном педагогическом университете. Обучение по принципу «каждый учит каждого» (метод обучения «peer-to-peer education» (равный-равному) изначально не было ориентировано на студенческие группы, но метод обучения, при котором обучающийся получает информацию не от преподавателя, а от такого же студента, который уже имеет знания по представленному вопросу, обусловил его внедрение в практику высшей школы. Данный метод может быть реализован в различных учебных вариантах. Например, когда мы даем задание студентам сделать презентацию по той или иной теме, а потом представить свою работу аудитории одногруппников,

мы применяем принцип «равный-равному». Подобная технология также используется при проверке изученных терминов, понятий, подходов, концепций и т.д., а иногда и для ознакомления нового материала. Преподаватель каждому студенту дает карточку с каким-либо понятием, которое более нигде не повторяется. Далее студенты должны выяснить у каждого своего одногруппника о наличии у него знаний по данному понятию. Если студент затрудняется ответить, другой студент озвучивает полную информацию карточки, т.е. студент восполняет пробел в знаниях своего одногруппника.

Студенты нашего университета также положительно воспринимают технологию обучения «Деловой театр». Обучающимся предоставляется возможность вжиться в какую-либо роль для разыгрывания определенной ситуации и наблюдения за поведением человека в этой обстановке. Для исполнения роли студент должен мобилизовать все свои знания, умения и навыки, вложить свой опыт, прочувствовать образ определенного лица, понять и проанализировать его действия, оценить обстановку и выстроить правильную стратегию поведения. Главная цель метода - научить студента ориентироваться в различных профессиональных реалиях, дать объективную оценку происходящему, уметь устанавливать контакты, при этом, не прибегая к приказу, угрозе или принуждению.

Также одной из самых эффективных образовательных технологий признана технология проектного обучения. В нашем вузе подготовка студентов к проектной деятельности осуществляется на основе принципов «Conceive-Design-Implement-Operate» (задумай – спроектируй – реализуй – управляй). Эта новая международная программа «Всемирная инициатива CDIO», которая предлагает соединить преподавание профессиональных навыков с традиционными научными дисциплинами и проектами. В результате студент осваивает образовательную программу своего профиля на практике, создавая собственные проекты. Данная программа призвана открыть новые возможности в обучении, как бакалавров, так и магистров. Реализация проектов происходит при создании определенных условий образовательного процесса студентами. Выявлены следующие условия: 1. Проведение занятий в подвижной (динамичной) среде. 2. Выполнение проекта и его реализация на профессиональной платформе. 3. Использование информационно-коммуникационных технологий.

При обобщении, закреплении и повторении лекционных занятий, при отработке навыков и умений его практического применения этот метод принадлежит к числу наиболее

эффективных. Сложнее всего определиться с темой проекта, нужно сделать все, чтобы интересно актуальной и значимой. Что же может стать содержанием исследования по литературе? Это может быть сопоставление творчества различных писателей, анализ развития определенной тематики в русской литературе, изучение новаторства и традиций в художественном произведении, связь исторических событий с их литературным отображением, эволюция художественного метода мастера слова, поиски в области формы, анализ произведений или эпизодов, инсценирование, синквейны, эссе, составление тестов и прочее.

Одним из методов современного преподавания литературы является создание мультимедийных литературных проектов, сочетающих в себе как глубокий литературоведческий анализ, так и использование средств сети Интернет и новейших информационных технологий.

Одним из возможных путей образовательных технологий является также технология скринкастинга. Скринкастинг – это быстро развивающееся явление в Интернете. Скринкастинг (англ. screen – экран и англ. broadcasting – передача, вещание) – тип подкастинга, позволяющий передавать для широкой аудитории видеопоток с записью происходящего на компьютере пользователя. Особенностью его является возможность задействовать сразу несколько «каналов восприятия информации»: зрительный, моторный и слуховой. Возможности, которые открывает скринкастинг чрезвычайно велики. Технология экранного видео является удачным решением в образовательном процессе: наблюдая за каждым движением и словом, обучающийся сам внедряется в процесс; может неоднократно прокручивать видео, заостряя внимание на наиболее сложных для него моментах, изучать материал в индивидуальном темпе; немедленно применить на практике все увиденное и услышанное. Такая форма обучения позволяет активизировать различные каналы получения информации: и зрительный, и слуховой, и моторный. При их комбинации значительно возрастает степень усвоения материала. Достаточно интересным является использование этой технологии при наличии готовых мультимедийных презентаций.

Таким образом, подготовка студентов в условиях реализации инновационных педагогических технологий обуславливает овладение обучающимися новых профессиональных компетенций для эффективного осуществления профессиональной деятельности, ориентированной на удовлетворение существующих современных образовательных потребностей и повышение качества образования в вузе.

НЕВЕРБАЛЬНЫХ СРЕДСТВ ОБЩЕНИЯ В РЕЧЕВОМ ЭТИКЕТЕ



ОНАЛБАЕВА Айгуль
КазНПУ имени Абая
Доктор филологических наук

Невербальные средства общения — это, в нашем понимании, как кинемы, традиционно связанные с конкретным речевым актом, так и знаки невербального общения, опирающиеся на широкий культурный контекст, типа вставания с места при входе человека старшего по возрасту, либо пропуска вперед мужчину (в казахской культуре), а женщину, как это принято в русской культуре. Знаки невербального общения второго типа основываются на архетипических культурных оппозициях. Так, приведенные выше примеры отражают оппозиции «старший - младший» и «мужчина - женщина», в казахской культуре первый член этих оппозиций является более сильным, что проявляется открыто в строго ритуализованных ситуациях и в неофициальном общении.

Знаки невербального общения, опирающиеся на широкий культурный контекст, являются частью этикета. Этикет прежде всего разрабатывается в этнографии, где под ним понимаются правила ритуализованного поведения человека в обществе [1, с.14]. Этикет, с

одной стороны, опирается на моральные нормы и ценности этноса, с другой стороны, проявляется в формах поведения.

А.К. Байбурин исходит из необходимости выделения следующих компонентов в анализе этикета различных народов: общая характеристика этикета в описываемом этносе; характеристика речевого этикета; характеристика мимики и жестов; особенности организации пространства в этикете; этикетная атрибутика; описание этикетных ситуаций [2, с.14-16].

Итак, как видно из приведенного высказывания А.К. Байбурина, этикет включает в себя кинемы и проксеммы. Добавим: и тактильные контакты.

Во многих существующих исследованиях, посвященных этикету, разрабатывается только речевой этикет. В качестве примера можно указать на работы Н.И. Формановской [3]. Большая часть работ, исследующих этикет, затрагивает проблемы фатической коммуникации. Так, диссертационное исследование К.Ш. Кажгалиевой посвящено национально — культурной специфике фатической речевой коммуникации на казахском языке, в работе М.К. Кармысовой рассматриваются разговорные формулы в русском и французском языках, работы А.Сейсеновой А.Коблановой посвящены казахскому речевому этикету.

Полноценное общение, как в обыденной жизни, так и в ритуализованных коммуникативных ситуациях, осуществляется не только с помощью языковых знаков, но и с помощью невербальных знаков.

Оппозиции отражаются в проксемике — расположении людей в пространстве. Так, при расположении супругов за столом

в гостях (төр) муж садится ближе к почетному месту, нежели жена, старший по возрасту располагается на почетном месте. Нарушение очередности коммуникации или порядка расположения коммуникантов в замкнутом пространстве автоматически воспринимается либо как оскорбление, либо как проявление невоспитанности, незнания традиций своего народа. В оппозиции «мужчина - женщина» приоритет, как мы отмечали, всегда отдается мужчине, причем это должно проявляться и в проксемике. Так, мы наблюдали сцену, когда, рассаживаясь в гостях за столом, молодая жена села ближе к төр (почетное место, расположенное напротив входа), чем ее муж. Хозяйка, извинившись, попросила молодых супругов поменяться местами, причем это сопровождалось вежливым поучением: «У казахов принято уважать мужчину, он — глава семьи, отец твоих будущих детей».

В оппозиции «старший - младший» приоритет отдается старшему. В казахской культуре уважение к старшему прививается человеку с самого младшего возраста. Предполагается, что старший по возрасту человек имеет больший багаж знаний, он может найти решение из многих жизненных ситуаций. Уважение к старшему выражается как в обыденной жизни, так и в экстраординарных коммуникативных ситуациях. Так, разговор всегда начинает старший, это зафиксировано в паремии.

Итак, невербальные вербальное общение и невербальное общение нацелены на выражение разного знака направлены на живых людей — адресатов, испытывающих тяжкие переживания в связи с утратой близкого человека, вербальное общение нацелено на пожелания умершему в ином мире, т.е. направлено на личность покойного.



ИННОВАЦИОНАЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАНИИ



СОЛТИЕВА Бакытгүл
магистр, аға оқытушы

Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігінің білім беру жүйесі білім берудің мақсатын, мазмұнын мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби білікке — ақпаратты өзі іздеп

табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу. Білім беру жүйесіндегі ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі — оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады.

Бүгінгі таңда «Қазақстан -2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған міндеттерді іске асыру жауапкершілігі тұр. Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек...

Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс...»—депайтқандай, терең білімді, озық ойлы және өз мамандығын жетік меңгерген студенттер дайындауымыз қажет(1).

XXI ғасырда Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден-бір жолы жастарға білім мен ғылымды әр қырынан меңгерту қажет болып отырғаны белгілі. Жоғары оқу орындары мемлекеттік сұранысты жүзеге асырушы ұйым ролін атқарады. Сол себепті жоғары оқу орны білім берумен қатар, студенттерді жан-жақты дамытып, өзі таңдаған ісінің маманы болып қалыптасуына мүмкіндік жасауы керек. Білім берумен қатар студенттердің жан-жақты білімі мен ізденімпаздығын және білімін өз заманына сай жанартып отыру қажеттілігін қалыптастыру керек. Болашақ жоғары білімді маман өзіне сенімді, өз ісінің білікті маманы, өзіндік ойлау қабілеті бар, болашақ тұлға ретінде қарастыру қажет.

Білім беру жүйесін дамыту мен білім беру мазмұнына өзгеріс енгізу — заман талабы. Бұл ғылыми білімнің, іскерліктің жүзеге асуы, білім беру саласында жаңа моделдердің дүниеге келуі, білім беру үрдісінің ақпараттандырылуы және ғылыми білімнің, іскерліктің жүзеге асуы болып табылады. Заман талабына сай білім беру білімгерлердің адамгершілік, интеллектуалдық дамуының жоғары деңгейімен білімін қамтамасыз етуге бағытталған оқытудың үздіксіз үрдісі десек, оның иімділігі мен сапасын арттыру оқытушыдан оқу процесінің ғылыми теорияға негізделген және білімгердің қабілетімен бейіміне негізделген оқытудың тандамалы әдістеріне көшуді талап етеді.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру—жаңа инновациялық әдістермен оқыту технологияларын қолдану арқылы, дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарыландыру көзделді. Бүгінгі күннің талабына сай білім саласында жаңа технологиялар қолданудың маңызы зор.

Қазақстан ғалымдарының ғылыми алғашқы қадамы болып оқу жұмысында «инновация» сөзін анықтау болып табылады. «Инновация» термині латын тілінен аударғанда (innove — жаңа) — жаңаны енгізу деген сөзінен шыққан. Жаңашылдықты енгізу — өз бойында жаңаның мазмұнын, технологияларын, әдістемесін, тәсілін, мәнін білдіретін құбылыс(2, с.5).

Инновация термині алғашқы рет XIX ғасырда ғылыми еңбектерде қолданыла бастаған. Қазақстан ғылымында инновация терминіне ең алғаш рет 2005 жылдары назар

аудары бастады. Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауына XXI ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсетті: Компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникация-лық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісінде тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көрсете алады.

Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады.

Жоғары оқу орындарының инновациялық білім беру үрдістерін басқарудың шарттар жүйесі:

- Инновациялық білім беру үрдістері жұмыс істейтін оқу және білім беру ордасының ғылыми әрі оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуі;

- Жоғарғы оқу орындарының инновациялық құрылымын құру кезінде білім беру, ғылыми-зерттеу және коммерциялық (инновациялық білім беру үрдістеріне кететін шығынды өтеу және келешектегі инновациялық білім беру үрдістерін қаржыландыру, қалыптастыру мақсатында) іс-әрекеттердің үйлесімділігінің орналастырылуын;

- Жоғарғы оқу орындарындағы инновациялық білім беру үрдістерін басқару құрылымының инновациялық білім беру үрдісінің кезеңдерін жүзеге асыратын функциялармен сәйкестігі;

- Оқу материалдарының көлемін және пәндік дайындықтың қысқартылған мерзімін ескере отырып, оқу әдістері мен түрлерінің ең оңтайлы үйлесімділігін;

- Оқу материалдарының кәсіптік бағдарламасының өзекті мәселеге бағытталуы және мәселені ашып зерттеу деңгейінің қамтамасыз етілуін еңбек нарығымен білім беру қызметтері нарығы маркетингтік өзгертілуін қамтиды;

- Білімгерлерді өзіндік әрекеттер технологиясына оқыту олардың еңбекқорлығын, еңбекке белсенділігін, адамгершілігін, жұмыс нәтижесіне деген сыйластығын, сана-сезімділігінің дұрыстығына көз жеткізуі сияқты психологиялық-педагогикалық мақсаттардың іске асырылуы туралы көп мәселелер қарастырылады. Қазіргі кезде бұл әрекеттерді басқару мәселері, оларға қазіргі таңдағы жаңаша технологиялық құралдарды пайдалана білуге байланысты болады(3,112-113 бб.).

Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың күрделі мәселесі — тиімді басқарудың технологиясын қалыптастыру болып табылады. Қазіргі уақытта теориялық және практикалық деңгейде көптеген технологиялар өмір сүруде, бірақ инновацияларды басқарудың тиімді технологияларын табу жолында үздіксіз ғылыми ізденістер жүргізіліп жатыр.

Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару технологиялары жүйелі басқару үрдісін жүргізуді қамтамасыз етеді. Сондықтан, инновацияларды басқару толыққанды инновацияларды басқарудың теориялық моделін практика жүзінде жүзеге асыру қамтамасыз етеді. Жоғары оқу орындарындағы қазіргі таңдағы қолданылып жүрген оқытудың инновациялық әдістері профессионалды этикаға негізделген жеке мәдени құндылықтарды қалыптастыру мен шұғыл шешім қабылдауға және өз ойын жеткізе алуға, оны соңына дейін қорғай алуға тәрбиелейді. Инновациялық әдістер оқытушының тек қана білім беруші емес, сонымен қатар тәлімгерді шығармашылық ізденіске бағыттауың жетекшісі екендігін түсінуге мүмкіндік тудырады.

Интернет ресурстарын жан-жақты меңгеру мүмкіндіктері

пайда болды, қашықтықтан оқыту орталықтарына шығу жолдары анықталды. Республикамызда білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес оқу үдерісінде ақпараттық техникалық құралдарды пайдалану тиімділігі артып отыр. Студенттерге Web-сервермен жұмыс жасауға мүмкіндік туып, жоғарғы оқу орындары туралы және басқа ақпараттарды өздерінің Web-беттерінде орналастыра алады, теле коммуникациялық жүйені қолдана отырып, электронды почта арқылы телеконференцияларға қатыса

алады. (4, 7-9 бб.).

Қорыта айтқанда, инновациялық технологияларды оқу үрдісіне пайдалану, оның ішінде ақпараттандыру үрдісі қарқынды жүзеге асырылып жаңа технологиялар пайдаланылуда. Заманауи кезеңде әрбір оқытушының алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педогогикалық технологияны меңгеру.

ҮШТІЛДІЛІК - ЗАМАН ТАЛАБЫ



ЖАНЫСБЕКОВА Шайзат
Абай атындағы ҚазҰПУ
аға оқытушы

Бірнеше тілді меңгеру - заман талабы, көп тілді білудің өзі маманның кәсіби шыңдалуына үлкен жол ашады, бәсекеге қабілеттіліктің көрсеткіші болып табылады.

А.Байтұрсынұлы "Ғылыми және практикалық білімнің жиынтығын бойына сіңірген халық қана айбарлы да бай болады" деп

санаған. Алаш ардақтылары Қазақ АССР-нің Қазақ-Қырғыз Білім Комиссиясында жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде, халқын мәдениетке тартуда жан аямастан қызмет етті. Білім комиссиясы жұмысына Мағжан Жұмабайұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Нәзір Төреқұлұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Иса Токтыбайұлы, Санжар Асфендиярұлы, Халел Досмұхамедұлы т.б. қазақтың зиялы қауым өкілдері қатысты. Алаш қайраткерлері көтерген тіл мәселесі бүгінгі XXI ғасырдың да өзекжарды мәселесі болып отыр. Яғни ел тұтқасын ұстаған ел ағаларының үміт-арманын қазіргі заманда ұмыт қалдырмай бір мүддені көксейтіндіктерінің күесіміз. Осы үрдістің өзі ұрпақтар жалғастығы, сондай-ақ арман мен үміттің тоғысқан бірлігінің бірден-бір дәлелі деп нық айта аламыз.

Елбасының да "Тілдердің үштұғырлығы", "Болашаққа бағдар- рухани жаңғыру" атты бағдарламалары да ел болашағын баянды етуден туған, алысты көздеген мақсат деп айтар едік. Осы жобаларды түсіндіру мен іске асыруда түрлі жаңсақтықтарға жол беріп жатамыз. Керісінше, бұл әр тілді өзіне лайықты орнымен қажетіне қарай лайықты пайдалану деген сөз. Мұнда мемлекеттік тілдің орны тіптен бөлек. Оған ешкімнің де таласы жоқ.

Қазақстан деген елді бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын бәсекеге қабілетті мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі -мемлекеттік тіл, ағылшын тілі -жаһандық экономиканы түсіну тілі, орыс тілі- ұлтаралық қатынас тілі. Дәлірек айтқанда, тілдердің үштұғырлығы идеясын мынадай әрі қарапайым, әрі түсінікті жолмен көрсетуге болады. Мемлекеттік тілді дамытамыз, ағылшын тілін үйренеміз, орыс тілін қолдаймыз.

Елбасының дәстүрлі жолдауларынан кейін тіл саясаты мен бәсекеге қабілетті ел болу мақсатында бірсыпыра тың өзгерістер орын алуда. Бүкіл Қазақстанның оқу орындарында жаңа бағдарламалармен жұмыс істеу үрдістері басталып та кетті. Бұл бағдарламалардың басты мақсаты- болашақ ұрпақтың өз ойын бүкпесіз айта алатын, қайсар да намысты алғыр ұрпақ тәрбиелеуде алатын орны орасан. Десек те, осы уақытқа дейін мемлекеттік тіл мәртебесі қазақ тіліне берілгенімен, орыс тілі тең дәрежеде қолданылып келді. Жай ғана мысал десек, мемлекеттік мекемелерде, жергілікті өзін - өзі басқару органдарындағы іс қағаздары орыс тілінде жүргізілді. Орыс тілі мемлекеттік тілмен салыстырғанда басым қолданыста жүріп келді. Осыған орай мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейту мемлекеттік тілдің қызметін арттыру үшін түрлі бағдарламалар мен жобалар қабылдана бастады. Солардың бірі осы - "Тілдердің үштұғырлығы" мемлекеттік бағдарламасы. Бастауын елбасымыз Н. Ә. Назарбаев салып берген бұл бағдарламада қазақ тіліне



деген ерекше басымдық берілді. 2011 жылдан бастап мықтап қолға алынған жобаның қазіргі уақта оң нәтиже бергеніне көзіміз жетіп отыр. Қазір қай мекеме, қай мемлекеттік органға барсаңыз да қазақ тілінде жазып, қазақ тілінде жауап беріп жатқан мемлекеттік қызметкерлерді көргенде еріксіз қуанасыз. Осы уақытқа дейін тоқсан пайыз орыс тілінде жүргізіліп келе жатқан іс- қағаздарының мемлекеттік тілге ауыса бастағаны - осының айқын айғағы. Әрине, орыс тілін білу- тарихи артықшылығымыз. Орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымдары мен орталарын кеңейтіп отыр.

Ағылшын тілін меңгеру – жастарға әлемді танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің жастарымызға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі.

Қазақ тілі - мемлекеттік тіл. Еліміздің тәуелсіздігінің нышаны. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде, яғни қазақ тілі бұл болашағымыздың тілі. Елбасымыздың сындарлы саясатының астары өте тереңде. Біз әлемдік аренаға шығу үшін ағылшын тілін жетік меңгерген мәңгілік елге айналуымыз керек. Өз тіліміз бірлік үшін, өзге тілдер тірлік үшін қажет екенін естен шығармайық. Әуелі өз ана тілімізді құрметтеп, оны ардақтап, аялап үйренейік те, өзге тілді үйренуге барынша құлшыныс жасайық.

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен қалыс қалмауы үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі бірнеше тілде сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз. Қиындық туғызатыны - аталған үш тілді меңгерген мамандардың некен саяқ, саусақпен санарлық екені. Қазақ, орыс, ағылшын қатысқан үштілділік сөйлермендерді дайындау - кезек күттірмейтін мәселе.

Елбасы "Қазақстан 2050" стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауында біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек" - деген болатын. Демек, ағылшын тілін білмей заман талабына лайықты, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға қол жеткізе алмаймыз. Іргелес елдерден анағұрлым ілгері тұрған Қазақстан қазіргі жетістіктерімен шектеліп қалмау үшін де көптілділікке ұмтылуда. Өйткені еліміздің біліктілігі мен сауаттылық деңгейін әлемге танытып, алпауыт мемлекеттермен тереземізді теңестіру мүмкіндігіне жетелейтін қадамдардың маңыздысы- көптілділік.

ШЕТТІЛДІ АУДИТОРИЯЛАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҰТЫМДЫ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

ЕСІРКЕПОВА Индира
Абай атындағы ҚазҰПУ
Магистр, оқытушы

Соңғы жылдарда шеттілді топтарда қазақ тілін оқытуда жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, электрондық, мультимедиялық бағдарламалық өнімдерді қолдану мәселелеріне қатысты арнайы ғылыми-әдістемелік зерттеулер жүргізіліп (Г.Бектұрованың, К.Мухлистің, Ә.Құрышжанованың, С.Дүйсенованың зерттеулері), электрондық оқу құралдары мен мультимедиялық бағдарламалық өнімдерді жасауға жете көңіл бөліне бастады.

Осыған орай қазақ тілі

жүзеге асыру жағдайлары, қазақ тілін оқытудың қиын да күрделі міндеттерін шешу мына сияқты шарттарға (ЖОО-н жалпы материалдық базасынан басқа) тікелей байланысты: бір жағынан мұғалімнің теориялық және практикалық даярлығы дәрежесіне, тәжірибесіне, екінші жағынан оқытушының қолында қазақ тілін оқытуды жақсы жолға қою үшін қажетті құралдардың болуына байланысты. Мұндай құралдардың қатарына мыналар жатады: а) бағдарламалар (түсінік сөзі бар) - оқылатын материалдың мазмұны мен көлемін анықтайды, материалды курстан-курсқа бөлуді реттейді; ә) оқулықтар мен оқу құралдары

мультимедиялық бағдарламалық өнімдер мен электрондық оқу құралдарын қолданудың әдістемелік мәселелерін осы аталған мәселемен байланыста қарастыру өте маңызды. Осы саладағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын саралай келе, зерттеулердің барлығы дерлік жоғары оқу орындарының шеттілді аудиторияларындағы қазақ тілін оқытуды жетілдіру бағытында жүргізілгендігін байқауға болады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі педагогика ғылымының бір саласы болып табылады. Ол өз алдына дербес ғылым. Өйткені оның өзіндік зерттейтін нысаны, мазмұны, зерттеу әдістері мен тәсілдері бар.



пәнінің шеттілді аудиторияларда оқыту міндеттерін атап өтсек: 1) Толық сауатты адамдар даярлау; 2) студенттердің творчестволық күштерін, танымдық қабілетін, өздігінен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Қандай адамды толық сауатты дейміз? Тілдің өзі мен оның грамматикалық құрылысы туралы білімдердің белгілі бір жиынтығын меңгерген адамды; ана тілінің барлық мүмкіндіктерін пайдалана алатындай болып қаруланған адамды; әдеби тілмен дұрыс сөйлеудің, мәнерлеп оқудың дағдысын игерген, грамматикалық және стилистикалық тұрғыда ауызша, жазбаша тіл ұстартуды жақсы игерген адамды толық сауатты адам деп есептейміз. Қазақ тілін оқыту міндеттерін ЖОО-н ойдағыдай

(көрнекі құралдар) - оқытушының жәрдемімен студенттер аудиторияда пайдаланады, өздігінен жұмыс істеу үшін сабақта және үйде пайдаланады; б) ғылыми талданған мектептің, үздік тәжірибесін ескеріп жасалған пәнді оқыту әдістемесі.

Сонымен қазақ тілін оқыту әдістемесі - оның мазмұны мен принциптері, әдістері мен тәсілдері туралы және ЖОО-да қазақ тілінен студенттерге берілетін білім, дағды, білік мөлшерін белгілеп, оны игерудің жолдары, шарттары туралы ғылым.

Шеттілді топтарда қазақ тілін оқытуда студенттерге сөйлесім әрекетінің түрлерін қатысымдық мақсатта меңгерту - қазіргі заманғы лингводидактикадағы өзекті мәселенің бірі. Қазақ тілін оқытуда

Сондықтан мемлекеттік тілді шеттілді аудиторияларда оқытуда қазақы ұлттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып, сапалы білім беру кез келген оқытушыға емес білікті, шеберлігі жоғары оқытушыға байланысты. Қазіргі кезде қазақ тілін шеттілді аудиторияларда оқытудың негізгі мақсаты - сөзсөйлеу оқу, жазу дағдысын қалыптастыру. Қазақ тілінде қарым - қатынас жасай білуге үйрету керек. Қазақ тілін шеттілді аудиторияларда оқыту да ең алдымен сол тілді үйренуге деген қажеттілігі туындап, қызығушылығы арту қажет. Себебі, білім алушының қызығушылығы артып, қажеттілігі туындағанда ғана нәтижеге қол жеткіземіз. Осыған орай қазақ тілін шеттілді аудиторияларда оқытуда

Негізгі сипаттамалар	Мультимедиялық бағдарлама арқылы тілдік дағдыларды дамыту кезеңі	Тілдік ортада тілдік танымды жетілдіру кезеңі
Оқытудың мақсатты бағыттылығы	Студентті өз бетінше білім алуға, тілдік дағдыларын дамытуға жетелеу	Алған білімдерін тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге үйрету
Оқушының рөлі	Өзінің оқу қызметінің субъектісі ретінде, белсенді	Сөйлесім әрекетінің субъектісі – коммуникативтік серіктес ретінде, белсенді
Оқытушының рөлі	Оқыту қызметінің субъектісі, студенттің оқу қызметін, өзіндік жұмысын ұйымдастырушы, кеңесші, ретінде	Студенттің сөйлесім әрекетін жүзеге асыруды ұйымдастырушы, кеңесші, ретінде
Жаңа білімді ұсыну түрі	Аудио, сөздік, графикалық көрнекіліктер мен оқытудың интерактивті әдіс-тәсілдері арқылы	Коммуникативтік сөйлеу жағдаяттары, түсініксіз сұрақтар мен интерактивті тапсырмалар арқылы
Алынған білімді қолдану	Интерактивті тапсырмалар мен оқу жаттығуларының кешенінде қолдану	Сөйлесім әрекетінің негізгі өнімі, түпкі нәтижесі – диалогтық мәтінде қолдану[2]

төмендегідей міндеттерін атауға болады:

1. Білім алушылардың шығармашылығын;
2. Танымдық қабілеттерін;
3. Өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту;

Оқыту әдістемесінде жоғарыда аталған міндеттер мен қатар жүйелі құрылымдық әдіс қолдана бастады. Оның мәнісі - өзара байланысты элементтерден құрылған біртұтас жүйелерде қаралады, элементтер арасындағы өзара байланыстылық пен қарым-қатынасқа басты назар аударылады.

Қазақ тілін шеттілді аудиторияларда оқытудың әдістемесін жетілдіру, заңды құбылыс. Оқытудың теориясын зерттеген ғалым Ю.К.Бабанскийдің ғылыми еңбегінде оқыту әдістерінің анықтамасын былай берген. «Оқыту әдістері дегеніміз – оқытушы мен студенттердің өзара әрекетінің негізінде білім, тәрбие және таным процесін жетілдіру», - дейді [1].

Тілдерді оқытуды ақпараттандыруға байланысты зерттеулерге сүйене отырып, орыс тілді және шеттілді топтарда қазақ тілін оқытудағы мультимедиялық ақпараттық қорлар мен электрондық оқу құралдарының негізгі қызметтерін бірнеше топқа жіктеп қорсетсек:

1) мультимедиялық ақпараттық қорлар оқу материалын көрнекі түрде ұсынудың, әртүрлі ақпараттарды алудың және талдаудың құралы бола алады;

2) мультимедиялық қорларды қолдану арқылы танымдық міндеттер мен тілдік оқу жағдаяттары негізінде ойлауды дамытуға; оқу материалын меңгеруге байланысты танымдық қызметті ұйымдастыруға; шетел студенттерінің сөйлесім әрекетінің оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым түрлері бойынша тілдік және коммуникативтік дағдылары мен біліктерін және лексика-грамматикалық дағдыларын қалыптастырып, жетілдіруді ұтымды ұйымдастыруға болады;

3) мультимедиялық қорлар шетел студенттерінің өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастыру мен басқарудың құралы бола алады. Зерттеу жұмысында мультимедиялық ақпараттық қорлардың бұл аталған ерекшеліктері мен қызметтері ғылыми негізде дәйектеліп, нақты мысалдар арқылы дәлелденді.

ЖОО-ғы орыстілді топтарында қазақ тілін мультимедиялық бағдарлама арқылы оқытудың әдістемелік үлгісі:

Сабак барысында светотехникалық және дыбысты техникалық құралдарды (бейне магнитофон, теледидар,

проектор, мультимедиялық проектор, компьютер) пайдалану студенттердің өз тілінде сөйлейтін адамдардың тілін тыңдап, оны көзбен көре отыра ақпарат алуына көмегі тиеді. Яғни, білім алушылардың сөлеу деңгейін жақсартуға көмектеседі. Тыңдау арқылы білім алушылар өздерінің сөйлеудегі қателерін жөндеп түзей алады. Бейне таспаларды тыңдағанда коммуникативті жаттығулар жасалу керек. Ал бейне фильмді көріп отырғанда, жаңа сөз және сөз тіркестері кездескенде тоқтап, сол сөздерді қайталап түсіндіріп беру керек. Сабактың қорытындысы ретінде тест сұрақтарын беріп, бағалау қажет [3].

Қазақ тілін шеттілді аудиторияларда меңгерту дегеніміз – сол тілде сөйлей, оқи, жаза және тыңдай білу, әңгімелесушілердің бірін-бірі түсінуі болып табылады. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақ тілінің қоғамдық өмірдегі қолданылу аясы да бірте-бірте кеңейіп, тіл мәртебесі жыл өткен сайын биіктеп, беки түсуде. Сондықтан, қазіргі кездегі басты талап – тіліміздің дұрыстығы мен тілдің қалыптасқан жүйесін сақтап қалу әрбір қазақ баласының парызы мен міндеті деп ойлаймын.

ЦЕЛЛЮЛОЗА ТАЛШЫҚТАРЫНЫҢ МАҚТА САБАҚТАРЫНАН АЛЫНУЫ



МҰХТАРҒАЛИЕВА Айнұр
Абай атындағы ҚазҰПУ
магистр, оқытушы

Кіріспе

Қазіргі таңда биоэтанол мен целлюлоза эфирлерін алу үшін, сонымен қатар, целлюлоза-қағаз өнеркәсібінің тез дамып келе жатқанына байланысты целлюлозаның өндірістегі қажеттілігі жоғарылады. Бұл өнімдерді алғанда қолданылатын негізгі шикізат - ағаш. Ағашты өңдеу энергияны көп жұмсайтын және экологиялық қауіпсіз процесс болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі таңда орман ресурстары көп мөлшерде таусылуда. Ағаш өнімдерінің жетіспеушілігін қалпына келтіру үшін ағаш емес шикізатты жартылай және толық түрде қолдануға болады, мысалы мискантус және бидайдың жеміс беретін қабыршақтары, сонымен қатар, ауыл шаруашылық өнімдерінің қалдықтары - мақта сабақтары, күріш қауыздары, жүгері қауыздары, бидай қауыздары, сабан қауыздары, соя қауыздары және тағы басқа. [1]

Сол себепті ғылым мен технологияның осы саладағы зерттеу жұмыстары маңызды және болашағы жоғары болып табылады, сонымен қатар, Қазақстанда целлюлоза алатын қажетті мөлшерде шикізат қорлары бар.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданында ауылшаруашылық өндірісінің негізгі бағыты – шитті мақта өндіру болып табылады. Мақта өңдеу кезінде тонналап мақта сабағы қалыптасады. Оны негізінен пештерде өртейді немесе үлкен жер аумақтарында көмеді, сондықтан мақта сабағы қалдықтарын кәдеге жарату – өзекті мәселе болып табылады.

Мақта сабағының адамзатқа әкелер пайдасы өте зор,

алайда бұл сала әлі күнге дейін толықтай зерттелінген жоқ.

Осыған байланысты целлюлозаны мақта сабақтары, күріш қауызы сияқты ағаш емес шикізат көздерінен алу әдістерін зерттеу өзекті міндет болып табылады.

Мақта сабақтарынан целлюлоза талшықтарын алу процесі

Материалдар және реактивтер. Мақта сабақтары, натрий гидроксиді, натрий гипохлориті, сірке қышқылы, күкірт қышқылы, натрий сульфиті, кальций карбонаты.

Сілтілеу әдісі. Сілтілеу әдісі үгітілген мақта сабағын лигнин мен гемицеллюлозадан айыру арқылы, целлюлозаны тазарту үшін жүргізіледі [2,3]. Үгітілген мақта сабағы 4 % NaOH ерітіндісімен өңделеді. Алдымен қоспа қолбаға салынып, оған 50 мл NaOH ерітіндісі құйылады. Бұл қоспа 2 сағат бойы 120-130 °C температурада рефлюкта қайнатылады. Яғни қайтымды тоңазытқыш арқылы қайнау барысында, бу конденсацияланып, жүйеге қайтып оралып отырады. Артынан, қоспа температурасы бөлме температурасына дейін төмендеген соң, вакуумды фильтрлеу әдісі арқылы қатты целлюлоза бөлініп алынады және 3 рет дистилденген сумен жуылады. Осыдан кейін кептіріліп, ары қарай анализдер жасауға болады. Сілтілеу әдісі 2 рет қайталанады.

Ағарту әдісі. Сілтілеу әдісінен кейін ағарту әдісі жасалынады. Ағарту әдісінде сірке қышқылының буферлі ерітіндісі, 1,7 % натрий гипохлориті және дистилденген су қолданылады. Қоспа осы реагенттер ерітіндісінде 4 сағат бойы 120-130 °C температурада рефлюкта қайнатылады. Қоспа суығаннан соң фильтрден өткізіліп, артынан 3 рет дистилденген сумен жуылады. Ағарту әдісі 3 рет қайталанады. [4,5]

Қорытынды

Мақта сабағы целлюлозаны алуға өте маңызды, қалпына тез келетін шикізат көзі болып табылады. Сонымен қатар, мақта сабағын целлюлозаны алуға шикізат ретінде қолдану - ағаш жетіспеушілігін қалпына келтіруге және күріштің қауызы мен мақтаның сабағы сияқты қалдықтардың ары қарай өңделіп, қоршаған ортаға тигізетін зиянын азайтуға үлкен үлес қосады. Сілтілеу әдісі гемицеллюлозаны жоюға, ал ағарту әдісі лигнинді жоюға тиімді болып табылады.

